Осы ретте 100% дейінгі импорт мыналарда сақталды: дәнекерлегіш профилдер мен болаттан жасалатын тығын құрамалар және темір жолдар үшін қара метал бұйымдары, ферромарганец, құбырлар және құбыр үшін құйылған фитингтер, 40-80% дейінгісі: әртүрлі диаметрлі құбырлар, үлкен және шағын диаметрлі құбырлар, салқындатып созу арқылы сымдар, өзектер мен ыстықтай созылған темір шыбықтар.

2013 жылы экономиканың нақты секторы салаларында әрекет ететін кәсіпорындар ішіндегі ТМК инновациялық-белсенді кәсіпорындарының үлесі 16,5% (72 кәсіпорын) құрады.

Металлургиялық өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 2008 жылдан бастап 2014 жылғы аралықта 70,6 мың АҚШ долл.-нан 194,5 мың АҚШ долл. дейін өсті (шұғыл деректер бойынша) немесе 194,5%.

2014 жыл бойында базалық және бағалы металдар бағасының төмендегендігі байқалды, тау-кен металлургия саласындағы өнімді тұтынушы ірі елдердің экономикасының өсу қарқынының, сондай-ақ мұнайға деген әлемдік бағаның төмендеуінің нәтижесі болды.

Нарық болжамы

Мыс. J.P. Morgan деректері бойынша 2015-2016 жылдары мыс катодтарының нарығы үйлесімді болып, негізінен 2013-2014 жылдары Қытайда іске қосылған зауыттардың қуаттылығының ұлғаюы есебінен 2015 жылы дүниежүзілік тазартылған мыс өндірісі 3,7%, және 2016 жылы 3,2% ұлғаяды.

Қорғасын. ILZSG болжамдары бойынша, ең алдымен Австралия мен Қытайдағы сұраныстың өсуіне байланысты кеннен қорғасынды өндіру көлемі 2015 жылы 5,2% өсіп, 5,66 млн.тоннаға жетеді. Биылғы жылы негізгі қозғалтқыш Қытай болып тұр, мұна бұл көрсеткіштің көлемі 7,4% жетеді деп күтілуде.

Мырыш. Wood Mackenzie талдаушыларының болжамдары бойынша 2015 жылы 227 мың тонна көлеміндегі цинк тапшылығы байқалатындығы, ал 2016 жылы тек қана 226 мың тонна көлеміндегі металл тапшылығы қана емес, 232 мың тонна көлеміндегі мырыш концентратының тапшылығы болады. Жалпы, тапшылықтың пайда болуы әлемдегі кейбір ірі кеніштердің өндірісінің тоқтауымен байланысты.

Алтын. Мировой спрос на золото в 2015 году вырастет на 15%, что соответствует 4127 тоннам драгметалла. Салыстыру үшін: Алтын жөніндегі (WGC) Бүкіләлемдік кеңестің деректері бойынша, 2011 жыл алтынға деген сұраныс бойынша үздік табысты жыл болып саналып, бағалы металдың 4 582,3 тоннасы сатылды.

14. Саланың реттелетін ортасына шолу

Тау-кен металлургиялық саласындағы қызметті реттеуші орта мынадай нормативті актілермен ұсынылған:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім);
- «Жер және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ұлттық әл-ауқат қору туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы

Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының мынадай нормативті-құқытық актілерімен іске асырылады, бірақ шектелмейді:

- «Тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылығы 10 ақпандағы №120 Қаулысы;
- «Пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылығы 10 ақпандағы №123 Қаулысы;
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылығы 15 қаңтардағы №10 Қаулысы;
- «Жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылығы 30 желтоқсандағы №1456 Қаулысы;
- «Әлеуметті-кәсіпкерлік корпорацияна дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылығы 31 қазандағы №1382 Қаулысы.

Мемлекеттің әсер ету сипаты туралы ақпараттар, оның ішінде мемлекеттік органдармен келісуді талап ететін мәселелер тізбесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компания жер қойнауын пайдалану саласында пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру, құжаттамаларды рәсімдеу мен келісу (сараптау), жер учаскелерін трәсімдеу үшін және басқа да мәселелер бойынша, құзыретті органға және жергілікті атқарушы органдарды қоса алғанда, өзге де мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компания бәсекелестік саласында, еншілес ұйымдарды құруға келісім алу үшін, оның ішінде стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы келісімді іске асыру мақсатында, сондай-ақ, тау-кен активтерін (қатысу үлестерін) сатып алу кезінде экономикалық шоғырлануға келісім алу үшін монополияға қарсы органға жүгінеді.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания, жер қойнауын пайдалану (жер қойнауын пайдалануға байланысты объектілер) құқығын алуға және иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығына басым құқықты алуға тікелей келіссөздер жүргізу құқығы бар, жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания болып табылады, осыған байланысты мемлекеттік органдар Компанияның қызметінің, заңнама өзгерістеріне немесе басқарушылық шешімдер қабылдауға бастамашы болу мәртебесі мен өкілеттігі бөлігіне ықпал етуі мүмкін.

15. Корпоративті басқару

Корпоративті басқару қағидаттары

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі, Жалғыз акционердің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен бекітілді.

Қоғамды корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауаптылық, ашықтық, кәсібилік және біліктілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы, Қоғам қызметіндегі барлық мүдделі тұлғалардың құқығы мен мүддесін құрметтеуді меңзейді

және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның құнын арттыруға, қаржы тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға мүмкіндік жасайды.

Корпоративтік басқару қағидаттары, Қоғамның Басқармасына байланысты туындайтын қатынастарға сенімді қалыптастыруға бағытталған.

Қоғамды корпоративтік басқаруға негіз болатын қағидаттар мыналар болып табылады:

- ✓ Қоғам мақсаттары мен міндеттерінің дәлдігі мен теңгерімді қағидасы;
- ✓ Жалғыз акционердің құқығы мен мүдделерін қорғау қағидасы;
- ✓ Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидасы;
- ✓ Дербес қызмет және Жалғыз акционер мен мемлекеттік органдардың Қоғамның оперативтік қызметіне араласпауы қағидасы;

- ✓ Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды жариялаудың ашықтығы мен шынайылығы қағидасы;

- ✓ заңдылық және этика қағидасы;

- ✓ тиімді дивидендтік саясат қағидасы;

- ✓ корпоративтік әлеуметтік жауаптылық қағидасы;

- ✓ еншілес және тәуелді компанияларды тиімді корпоративтік басқару қағидасы;

- ✓ корпоративтік шиеленістерді және мүдделер қақтығысын тиімді реттеу қағидасы.

Компания корпоративтік басқарудың негізгі талаптарын ұстанады. 2014 жылы Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есеп, Компания Директорларының кеңесінде 2015 жылғы 27 наурызда қаралды.

Корпоративті басқару жүйесін жетілдіру

Корпоративтік басқарудың жекелеген төменгі жүйелерін жетілдіру жөнінде жоспарлы жұмыстар жүргізілуде, жыл басынан бастап тәуекелдерді басқару, персоналды басқару, ақпаратты жариялау, тұрақты даму, заң бұзуға (алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқықтар бұзуға) қарсы тұру бойынша бірқатар құжаттар әзірленді.

Акционердің болжамына сәйкес 2014 жылы Компания, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне және өндірістік холдингтік компаниялар қызметінің тәжірибесіне сәйкес, «Тау-кен Самұрық» АҚ компаниялар тобындағы корпоративтік басқару жүйесінің Тұжырымдамасын әзірледі және Директорлар кеңесінің қарауына енгізді.

Концепцияға корпоративтік орталықтың қосымша құнды құрудағы ролі мен міндеттері, стратегиялық бақылаушы ретіндегі корпоративтік орталықтың моделі, еншілес ұйымдарды басқару және мөзара әрекеттесу процестері және еншілес ұйымдарды басқар тетіктерін жинау енгізілді. Директорлар кеңесінің отырысында Тұжырымдама жобасын қарау нәтижелері бойынша, Тұжырымдама жобасын толықтыруға шешім қабылданды. Қазіргі уақытта, Тұжырымдама жобасын толықтыру, өзгерістер енгізу жүргізілуде, Қордың трансформациялау жоспарымен және жаңа Корпоративтік басқару кодексін енгізумен өзара байланыстыру болжанады.

Сондай-ақ, еншілес ұйымдарды басқарудың, органдардың өкілеттігін бөлу, еншілес ұйымдардың шешімдерді қабылдауы сияқты бірқатар мәселелер, биылғы жылы қабылданған Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару жөніндегі регламентте үйлестірілген.

Компания қызметкерлері «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа форматтағы Корпоративтік басқару кодексі жоспарын әзірлеуге белсенді түрде қатысты, сондай-ақ Компаниялар тобын басқару жөніндегі кодекс бөлігінің жобасын әзірленді.

Тұрақты даму жөніндегі жұмысты жүйеге түсіру басталды. Тұрақты даму саласындағы стратегияны әзірлеу және Тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау регламенті әзірленді және бекітілді. 2015 жылы Тұрақты даму саласындағы есепті жарыққа шығару, Стратегиясы мен Саясатын өзектендіру, тұрақты даму саласындағы өзге де саясаттарды өзекті етуді қарау жоспарланып отыр.

2013-2015 жылдарға жоспарланған, Компаниядағы сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) әзірлеу және енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру аясында, Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі 2013-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары өзектендірілді, СМЖ маңыздылығы мәселелері, Компанияның құжаттама жүйесі, Компанияның басшылығы мен қызметкерлері үшін «Тау-Кен Самұрық» АҚ СМЖ әзірлеу және енгізу жөніндегі 2013-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы өзгерістер бойынша бірқатар ақпараттық сессиялар өткізілді.

Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторларын әзірлеу жүргізілді, "Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитор» тренингі бойынша 9 адам білім алды.

ISO9001/СТ РК ИСО 9001 стандартының талаптарына сәйкес әзірленген 8 жаңа құжат, оның ішінде сапа саласындағы Саясат мен Мақсат, Процестерді мониторингтеу, өлшеу және талдау қағидасы, Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитін өткізу және сәйкессіздікті басқару, әрекеттерді түзетуші және алдын алушы, Топтастырғыш қағидалар мен бизнес-процестер картасы Сапа жөніндегі басшылық бекітілді.

Бизнес-процестерді регламенттейтін, негізгі бизнес-процестерді регламенттейтін және көмекші бизнес-процестерді регламенттейтін 3 құжат өзектендірілді.

Компания органдарының құрылымы және құзыреті

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Жарғысының 7 тарауына сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ органдары мыналар:

1. жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
3. атқарушы орган – Қоғам басқармасы;
4. Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы тәуекелдерді, құжаттарының орындалуын басқаруды және Компанияның – Ішкі аудит қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган.
5. Заңнамаға және Компания Жарғысына сәйкес өзге де органдар.

Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Ішкі аудит қызметінің жұмыстары «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жарғысымен және тиісті Ережелермен үйлестіріледі.

Қоғамның басқарушылық құрамы төмендегі сызбада көрсетілген:



15.1 Жалғыз акционер

«Тау-Кен Самұрық» АҚ акцияларының 100 % тікелей «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына тиісті.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы мен "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамын қосу жолымен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес құрылған.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру және елімізде экономиканың өсуіне әлемдік нарықтағы өзгерістердің теріс әсер ету факторларының алдын -мақсатында құрылды.

Қор қызметінің басты мақсаты Қор тобына кіретін активтерді ұйымдастырудың және тиімді басқарудың ұзақ мерзімдік құнын ұлғайту арқылы елдің ұлттық әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Жалғыз акционердің қарауына ұсыныстар енгізу процедурасы

Акционерлер жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді, Жалғыз акционердің қарауына енгізуге Қоғам Директорларының кеңесі бастамашы болады.

Жалғыз акционердің құзырына жатқызылған өзге де мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізуге Жалғыз акционер және/немесе Директорлар кеңесі бастамашы болуы мүмкін, ал ерікті түрде тарату процесінде – Қоғамның тарту комиссиясы бастамашы болады.

Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді енгізу жөніндегі шығындарды, заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсынылатын ақпараттар мен материалдар, Қоғамның Жалғыз акционері қарауына енгізілетін мәселелерге қатысы бойынша жүйеленген және аталған мәселе бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажет көлемдегі ақпараттардан тұруға тиісті.

Қоғамның органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдар, ықтимал үміткерлер туралы мынадай ақпараттардан құралуға тиісті:

- тегі, есімі, сондай-ақ тілегі бойынша – әкесінің аты;
- білімі туралы мәліметтер;
- Қоғамға ықпалдастығы туралы мәліметтер;
- жұмыс орны және соңғы үш жыл ішіндегі атқаратын лауазымы;
- үміткердің біліктілігін, жұмыс өтілінін растайтын өзге де ақпараттар.

Қоғамның Жалғыз акционері қарауына шығарылатын, жылдың жалпы жиналыс акционерлерінің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі материалдарға мыналар енуге тиісті:

- Қоғамның жылдық қаржы есептемесі;
- Қоғамның жылдық қаржы есептемесіне аудиторлық есеп;
- Қоғамның өткен қаржы жылы ішіндегі таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның жай бір акциясына есептегенде мөлшері туралы ұсыныстар;
- Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының жұмысын және оларды қарау нәтижелеріне Жалғыз акционердің өтініші туралы ақпарат;
- өзге де құжаттар.

Қоғамның Жалғыз акционері шешімдері Қоғамның Басқармасында сақталуға және Қоғамның Жалғыз акционеріне кез-келген уақытта танысу үшін берілуге тиісті.

15.2 Директорлар кеңесі

«Акционерлік қоғамдар турал» ҚР Заңының талаптарына сәйкес Қоғамның Директорлы кеңесін Жалғыз акционер сайлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 4тармағына сәйкес, Директорлары кеңесінің сан құрамын Жалғыз акционер айқындайды және ең азы алты адамнан құрылуға, олардың үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиісті.

Өкілеттік мерзімі сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді (алайда үш жылдан аспауға тиісті, олай болмаса Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңалау қажеттігі ескеріле отырып, бұл айырықша қарауға жатады) және Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы Жалғыз акционердің шешімі қабылданған сәттен бастап аяқталады.

Директорлар кеңесінің құрамы

2014 жылдың әр кезеңдері бойынша Директорлар кеңесінің құрамына мына 3 тәуелсіз директорды қосқанда, 5 директор кірді:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Бектемиров Куаныш Абдугалиевич	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры
2	Арсланова Зарина Фуатовна	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
3	Аргингазин Арман Ануарбекович	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
4	Дутбаев Нартай Нуртаевич	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор (10.04.2014 ж. – 20.10.2014ж.)
5	Турмагамбетов Мажит Абдыкаликович	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер:

«Самұрық-Қазына» АҚ 2014 жылғы 10 сәуірдегі Басқарма (№10/14 хаттама) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Дутбаев Нартай Нуртаевич сайланды.

Дутбаев Нартай Нуртаевич 2014 жылғы 20 қазанда «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттелігін өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатты («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 31 қазандығы №49/14 шешімі).

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы деректер

Бектемиров Куаныш Абдугалиевич

Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі.

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні: "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі №08/12 хаттама, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімі №04/15 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1970 жылғы 24 мамыр

Білімі: 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Физик» мамандығы бойынша бітірді, 2004 жылы Қазақ Ұлттық басқару академиясын «Инженер-электрик» мамандығы бойынша тәмамдады.

Жұмыс тәжірибесі: 1993 - 1999 жылдары Алматы қаласындағы «Атамекен» қаржы-инвестиция корпорациясында; Текелі қаласындағы «Алтын-Бидай» АҚ (Алматы облысы), Талдықорған қаласындағы «Шығыс-Сервис» ЖШС жұмыс істеді.

Қалалық коммуналдық шаруашылық және энергетика секторларындағы басшылық жұмыстарда мол тәжірибесі бар.

Әр жылдарда, 1999 жылдан бастап «Талдықорған жылу-коммунэнерго» МКӨБ, «Талдықорған жылу-сервис» МКӨБ, «Астанаэнергосервис» АҚ, «Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Қазгидромет» РМК пен «Астанаэнергоконтракт» ЖШС басшылық жұмыстарында болды.

Энергетика және минералдық ресурстар министрінің «ҚР электроэнергетикалық саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» грамотасымен марапатталған, «ҚР құрметті энергетигі» белгісімен, «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: "Самұрық-Қазына" Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлары кеңесінің төрағасы, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Директорлары кеңесінің мүшесі.

Компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Компаниялар жеткізушілері мен бәсекелестері акцияларын иемденуі, ықпалдас компанияларға тиесілі акциялардың саны және үлесі: иелік етпейді.



Турмагамбетов Мажит Абдыкаликович

Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Компанияда жауап беретін мәселелер аясы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні: «Самұрық-Қазына» Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі, №08/12 хаттама, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімі №04/15 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1961 жылғы 1 ақпан



Білімі: Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық училищесінің «Инженер-механик» мамандығын тәмамдаған (1984).

Жұмыс тәжірибесі: 1984 жылдан бастап мастер, Алматы қаласы С.М.Киров атындағы машина жасау зауытындағы цех бастығының орынбасары. 1989 жылы «Дамис» ШК директорының орынбасары.

1991 жылдан – «Қазақ жылжымайтын орталық биржасы» АҚ іс басқарушысының орынбасары. 1992 жылдан – «Дамис93» бас директоры. 1996 жылдан – «Алмаз» зергерлік корпорациясы» БК бас директорының орынбасары.

1997 жылдан – ҚР Экономика және сауда министрлігі Өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары. 1998 жылдан – ҚР ҚМ, ҚР ЭИСМ, ҚР МКМ Мемлекеттік алкоголь өнімдерінің өндірісін және айналымын бақылау комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы.

2001 жылдан – ҚР Табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің вице-министрі. 2003 жылдан – «Инновациялық қор» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары. 2004 жылдан – «АстанаЭнергоСервис» АҚ басқарма төрағасы. 2006 жылдан – коммерциялық құрылымдардың басшылық лауазымдары. «Максимум» аймақтық инвестиция орталығы» ЖШС директоры (Оңтүстік Қазақстан облысы). 2009 жылдан – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары. 2009 жылғы наурыздан – ҚР Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі.

2012 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы.

«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005 жыл), «Астананың 10 жылдығы» (2008 жыл), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 жыл) медальдарымен марапатталған.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ, «Kazinc Holdings» ЖШС Директорлары кеңесінің мүшесі.

Компаниялардың акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Компаниялар жеткізушілері мен бәсекелестері акцияларын иемденуі, ықпалдас компанияларға тиесілі акциялардың саны және үлесі: иелік етпейді.

Аргингазин Арман Ануарбекович

Тәуелсіз директор

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні: "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі №08/12 хаттама, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімі №04/15 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1978 жылғы 1 желтоқсан

Білімі: 2000 жылы АҚШ Бостон университетін Бизнесі басқару ғылымының бакалавры дәрежесінде аяқтады. Қосымша білім алу мақсатымен 2002-2010 жылдары ABN AMRO Академиясында білім алды.

Жұмыс тәжірибесі: Еңбек жолын 2000 жылы Қазақстанның «Халық» жинақтау банкінде қаржы талдаушысы болып бастады. Мұның сыртында, ұзақ уақыт бойы «HSBC Kazakhstan» кредит офицері, 2004 – 2006 жылдары ABN AMRO Bank Kazakhstan әртүрлі лауазымдарында, оның ішінде Тау-кен өнеркәсібі және металдар департаментінің бастығы және Астана қаласындағы филиалының директоры ретінде жұмыс істеді.



2012 жылы Қазақстандағы UBS басқарушы директоры лауазымына тағайындалды.

А.А.Аргингазиннің тау-кен секторы компанияларымен өзара іс-қимыл саласында шамамен 10 жыл жұмыс тәжірибесі бар, Лондон қор биржасына ENRC Plc акцияларын алғаш орналастыру процедурасына қатысты.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: жоқ

Компаниялардың акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Компаниялар жеткізушілері мен бәсекелестері акцияларын иемденуі, ықпалдас компанияларға тиесілі акциялардың саны және үлесі: иелік етпейді.

Арсланова Зарина Фуатовна

Тәуелсіз директор

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні:
"Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі №08/12 хаттама, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімі №04/15 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1960 жылғы 22 желтоқсан

Білімі: 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «экономист» мамандығы бойынша

аяқтады, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. Ағылшын тілін жетік біледі. Кентукки университетінде қаржылық талдау бойынша (1992), Бүкіләлемдік Экономикалық білім институтында қаржы-банк секторында жобаларды талдау және тәуекелдерді басқару бойынша, банк ісі және инвестицияларды қаржыландыру бойынша, бизнесті жоспарлау мен кәсіпорындарды қайта құрылымдау бойынша, жекешелендіруді қайта құрылымдау процесінде және банктің кредиттік саясатында жобалық қаржыландыруда кәсіпорындарды басқару бойынша (1992 – 1996 жылдар), корпоративтік басқару бойынша: Біріккен Вена Институтында үкімет пен жеке сектордың ролі (1996 жыл), Токиодағы Азиялық өнімділік ұйымдарында өнімділік және шешімдер қабылдау процесі бойынша (1998 жыл), АҚШ СӨП жеке кәсіпкерлікті орталықтан қолдауды корпоративтік басқару бойынша (1999 жыл) қосымша білім алды.

Жұмыс тәжірибесі: Соңғы 18 жыл ішінде жеке құрылымдарда әртүрлі басшылық лауазымдарды атқарды. Халықаралық бизнес университетінің (2002-2005 жылдар), негізін салушы және ректоры, IBS Consulting президенті (2002-2005 жылдар), ҚБТУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры (2005-2007 жылдар), ЖШС «AXIS Corporation» президенті (2007-2009 жылдар) болып табылады. 2009 жылдан бастап «RKF Астана» ЖШС басқарушы серіктесі болып табылады.

Ауқымды тәжірибесі болған соң, корпоративтік қаржы, ХЕҚС, басқарушылық есебі, жобаларды басқару, стратегиялық менеджмент, инвестициялық жобаларды талдау, КБЖ жүйесін енгізу, бюджет құрау, корпоративтік басқару, ERP жүйелері бойынша жеке және мемлекеттік секторларға консультация береді.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ тәуелсіз директоры, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ тәуелсіз директоры.

Компаниялардың акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Компаниялар жеткізушілері мен бәсекелестері акцияларын иемденуі, ықпалдас компанияларға тиесілі акциялардың саны және үлесі: иелік етпейді.



Дутбаев Нартай Нуртаевич

Тәуелсіз директор

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні:
"Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі №08/12 хаттама, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімі №04/15 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1956 жылғы 7 қаңтар

Білімі: Н.Н. Дутбаева Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. 1978 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын, 1982 жылы Минск қаласында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Жоғары курстарын, 1989 жылы Мәскеу қаласында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Жоғары мектебін бітірген.

Еңбек өтілімі: еңбек жолын 1978 жылы Қазақ «Гипрофосфор» ғылыми-зерттеу институтында автоматтандыру бөлімінің инженері юлып бастаған. 1982-8002 жылдар аралығында ҚазКС ССР МҰҚ – РҚ ҰҚК жүйесінде әртүрлі лауазымдарды атқарған: МҚК – ҚР ҰҚК кіші оперативтік уәкілі, ҚР ҰҚК төрағасы, Генерал-лейтенант болады.

2008 жылғы ақпан айынан бастап Қазақстан Республикасы президентінің кеңесшісі.

2008 жылғы қыркүйектен 2009 жылға дейін - «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Вице-президенті.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: 2013 жылдан 2014 жылғы наурыз айына дейін Тәуелсіз директор, "Казахстан инжиниринг" Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы.

Компаниялардың акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Компаниялар жеткізушілері мен бәсекелестері акцияларын иемденуі, ықпалдас компанияларға тиесілі акциялардың саны және үлесі: иелік етпейді.

Директорлар кеңесі мүшелігіне жзоғарлату процедурасы және кандидаттарды іріктеу критерилері

Директорлар кеңесі мүшелігінің кандидаттары мен Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесіне бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін, тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, іскерлік және (немесе) салалық ортада жағымды жетістіктерге ие болуға тиісті.

Директорлар кеңесі мүшелері Жалғыз акционердің шешімімен үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның Директорлары кеңесі мүшелерінің қатарынан жасырын дауыспен сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 8-бабына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі болып мына:

- 1) заңда белгіленген ретпен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) бұрын мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп төлету, немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған өзге заңды тұлғаны тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мерзім ішінде өзге заңды тұлғаның директорлары кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), бас бухгалтері болып табылған тұлғалар сайлана алмайды. Көрсетілген талаптар бұрын мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп төлету, немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып



танылған өзге заңды тұлғаны тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бес жыл ішінде қолданылады.

Директорлар тәуелсіздігінің критерийлері

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін енгізу мақсатында, компания мүддесіне барынша сәйкесетін әділ шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылатын, Жалғыз акционерден және компания басшылығынан тәуелсіз директорлар болуы қажет.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 1-бабы 20) тармақшасына сәйкес, аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі ретінде белгіленеді.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің 105-тармағына және Қоғам Директорларының кеңесі туралы ереженің 9-бабына сәйкес, директор тәуелсіз болып табылуы мүмкін, егер ол:

- соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес және тәуелді ұйымының қызметкері болып табылмаса;
- Директорлар кеңесінің сыйақысын қоспағанда, қосымша сыйақы алмаса немесе алмайтын болса;
- өзге де ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымды атқармаса, өзге де ұйымдарға немесе органдарға осылайша қатысу арқылы Директорлар кеңесінің өзге де мүшелерімен елеулі байланысы болмаса;
- Жалғыз акционердің немесе мемлекеттік басқару органдары атына өкілдік етпесе;
- қатарынан бес жылдан аса Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмаса.

Директорларды дамыту

Қоғамда «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясаты қолданылады, мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдысы мен біліктілігін дамытудың жүйелі, құрылымдық және ашық тетігін енгізу және егер Директорлар кеңесі қарайтын мәселе, сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптауды талап ететін жағдайда, сыртқы сарапшыларды тартуда олардың құқығын іске асыру жолымен Қоғам Директорлары кеңесінің тиімді қызмет және салмақталған шешімдері болып табылады.

Аталған саясатқа сәйкес, З.Ф.Арсланова «Расталған Директор» бағдарламасы аясында «Мамандандырылған директор» курсы бойынша біліктілікті көтеру мақсатында сертификат алды.

Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізу процедурасы

Қоғам Директорлары кеңесі отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының не болмаса:

- Қоғам Директорлары кеңесі кез-келген мүшесінің;
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың;
- Жалғыз акционердің;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Қоғам Директорлары кеңесінің отырысын шақыру туралы талап, Қоғам Директорлары кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі жазылған, тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Қоғам Директорлары кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы, Қоғам Директорлары кеңесінің отырысын шақыруға міндетті, Қоғам Басқармасына аталған талаппен өтініш жасауға құқылы.

Қоғам Директорлары кеңесінің отырысын, Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап, жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиісті.

Қоғам Директорлары кеңесінің отырысы көрсетілген талапты алдыға тартқан тұлғаның міндетті түрде қатысумен өткізіледі.

Директорлары кеңесінің отырысын өткізу туралы Қоғам Директорлары кеңесі мүшелеріне хабарлама жолдаудың тәртібін Қоғамның Директорлары кеңесі белгілейді.

Қоғамның Директорлары кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Директорлары кеңесінің отырысында, осы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Күн тәртібіне мәселе енгізген бастамашы, шешім қабылданғанға дейін өзінің сұрақтарын күн тәртібінен кез-келген уақытта алып тастай алады, ол хаттамада міндетті түрде белгіленеді.

Директорлары кеңесі мүшелері жалпы санының 2/3 (үштен екі) қатысқан, Директорлары кеңесінің кез-келген отырысы барысында, күн тәртібіне, егер оларды күн тәртібіне енгізуге Директорлар кеңесі мүшелерінің барлық қатысушылары дауыс берсе, қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2014 жылы Директорлар Кеңесінің 13 отырыс өткізілді, оның ішінде 9 отырыс іштей дауыс беру нысанында өткізілді. Директорлар кеңесі мүшелерінің күндізгі отырысқа қатысуы:

№	Директорлар кеңесінің мүшелері	Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы	%	Есептік кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңдері
1.	К.А. Бектемиров	13(13)	100%	01.01.2014 – 31.12.2014
2.	А.А. Аргингазин	11(13)	84%	01.01.2014 – 31.12.2014
3.	З.Ф. Арсланова	13(13)	100%	01.01.2014 – 31.12.2014
4.	Н.Н. Дутбаев *	6 (13)	46%	10.04.2014 – 20.10.2014
5.	М.А. Турмағамбетов	13(13)	100%	01.01.2014 – 31.12.2014

*Н.Н. Дутбаев - «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлары кеңесі мүшелігіне өкілеттігі 2014 жылғы 20 қазанда мерзімінен бұрын тоқтатылды (№49/14 хаттама, 31.10.2014 жылдан).

Қоғамның Директорлары кеңесі отырыстарын, Директорлар кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажетіне қарай жүйелі негізде өткізеді.

Жалпы 2014 жылдың ішінде Қоғамның Директорларының кеңесі әртүрлі 164 мәселені қарады. Оның ішінде: 2 мәселе бойынша – 1 дауыс ерекше оймен «Қалыс қалды», 1 мәселе бойынша – 1 дауыс жазбаша оймен «Қолдады», 1 мәселе бойынша – 2 дауыс ҚР «Акционерлік қоғам туралы» Заңының 71-бабаның негізінде «Қалыс қалды», 1 мәселе бойынша – 1 дауыс «Қалыс қалды», қалған мәселелер бойынша Қоғамның директорлар кеңесі «бірауыздан» дауыс берді.

Директорлар кеңесінің отырыстарында тұрақты негізде жыл бойы Қоғамның Стратегиясы, Бюджетті түзету, Инвестициялық жобалар, Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау, Басқарманың және Ішкі аудит қызметінің есептері, Директорлар кеңесінің, Комитеттердің және Қоғам Басқармасының құрамына өзгерістер сияқты мәселелер қаралды.

Қоғамның Директоры кеңесінің отырысында қаралған аса маңызды мәселелер бойынша түбегейлі ақпарат төменде ұсынылған.

Қаңтарда «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесімен «Байыту фабрикасының құрылысын салу арқылы Қазақстан Республикасы Қызылорда облысындағы Шалқия полиметалл кен ошағын өнеркәсіптік пайдалану» жобасы, сондай-ақ «Тау-Кен Самұрық» АҚ бірігіп жүзеге асыруға ұсынған Қарағанды облысындағы Солтүстік Балхаш-1 алаңын жер қойнауын пайдалану объектілері тізімінен шығару туралы ақпарат қаралды.

Ақпанда Басқарманың Қоғам Директорлары кеңесі алдындағы 2013 жылғы II жарты жылдықтағы мерзімдік есебі қаралды. Сондай-ақ, 2013 жылғы корпоративті басқару жүйесін жетілдіру бойынша ішара жоспарын орындау туралы ақпарат қаралып, «Тау-Кен Самұрық» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2022 жылдарға арналған кадрлық саясаты және бекітілді, Жалғыз акционердің 2013 жылға болжамы туралы ақпаратты қарады.

Наурызда «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған Даму жоспарына өзгерістер енгізілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы жылдық қаржылық есебі алдын ала бекітілді, үш еншілес компаниялар құрылды – «ТКС Жақсылық», «Тау-Кен Прогресс» ЖШС, «ТКС Қостанай» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы арналған Басқарма мүшелерінің түйінді көрсеткіштері бекітілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы арналған тәуекелдер тіркемесінің жаңа редакциясына және басқа да құжаттарға өзгерістер енгізілді.

Сәуірде «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы жылдық есебі алдын ала бекітілді, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелді жетілдіру бойынша тоқсандық есебтердің тізімі, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2011-2015 жылдарға арналған 2013 жылғы Даму жоспарын орындау туралы есебі қаралды, «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы ақпараттық саясаты бекітілді, 2013 жылғы ҚТК орындау негізінде «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізілді.

Мамырда «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарияланған акцияларын орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылданды, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша есебі, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы Даму жоспарын орындау туралы тоқсандық есебі қаралды, стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі Комитет құрылды және әрекет етуші Комитеттердің құрамына өзгерістер

енгізілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ болжалды бұзушылықтар туралы хабарлама саясаты бекітілді, «СП «Тау-Кен Проект» ЖШС өтеулі қарызды ұсыну туралы мәселе қаралды.

Маусымда «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарияланған акцияларын орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылданды.

Шілдеде «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған Даму жоспарына енгізілген өзгерістер қаралды, «Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару бойынша Регламент бекітілді, «Шоқпар-Гагаринское» ЖШС бойынша шешімдер қабылданды, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есебі мәліметке алынды, стратегиялық жоспарлау және инвестициялар бойынша комитет туралы ереже бекітілді.

Тамызда Қоғам Басқармасының 2014 жылғы I жарты жылдықтағы мерзімді есебі қаралды, «Тау-Кен Самұрық» АҚ алаяқтық және тонау тәуекелдерін басқару бойынша саясаты, «Тау-Кен Самұрық» АҚ тәуекелді басқару қағидасы (Корпоративті стандарт), «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы тәуекелдер мен бақылау матрицасы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ іскерлік этика кодексі бекітіліп, «ШалқияЦинкЛТД» АҚ мәселесі бойынша шешім қабылданды.

Қарашада «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2015-2019 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының сандық құрамы туралы шешім қабылданды, Комитеттер құрамына және «Тау-Кен Самұрық» АҚ бірігіп жүзеге асыруға ұсынған жер қойнауын пайдалану объектілері тізіміне өзгерістер енгізілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2015 жылға арналған тәуекелдер тіркемесі және тәуекелдер картасы бекітілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ аға аудитор және ішкі аудит қызметінің аудиторы бос лауазымына кандидатураларды қарады.

Желтоқсанда Директорлар кеңесінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспары, «Тау-Кен Самұрық» АҚ кадрлық резервімен жұмысты қалыптастыру және ұйымдастыру туралы ереже, сондай-ақ геологиялық барлау жұмыстары кезеңіндегі инвестициялық жобалардағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ қатысу үлесінің жүзеге асуының индикативті талаптары бекітілді, «Тау-Кен Самұрық» АҚ трансформациялау бойынша Жол картасы қаралды.

Директорлар кеңесі отырысында қаралған мәселелердің ішінде мәселелер арасынан Жалғыз акционердің қарауына және бекітуіне, оның құзыреті шегінде «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы жылдық есебі және Қоғамның 2013 жылғы жылдық қаржылық есебі жолданды:

Директорлар кеңесі 2014 жылы қабылдаған шешімдері туралы қосымша ақпарат Қоғам сайтында www.tks.kz орналасқан.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Аса маңызды мәселелерді қарау мен Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін «Тау-Кен Самұрық» АҚ Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет және Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет жұмыс істейді.

Аудит жөніндегі комитет

Рөлі. Қоғам Директорлары кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес, Комитет қызметі Директорлар кеңесіне қаржы есептемесі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, ішкі және сыртқы аудит, заңнаманы сақтау мәселелері, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмалары бойынша басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

Аудит жөніндегі комитеттің мәртебесі, құрамы, жұмыс тәртібі, құзыреті мен функциясы, отырыстарын шақыру мен өткізу процедурасы, шешімдерін рәсімдеу, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқығы мен жауапкершілігі Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеде белгіленген.

Аудит жөніндегі комитет, Қоғамның Директорлары кеңесіне есеп береді және оған Қоғамның Директорлары кеңесі берген өкілеттік аясында іс-қимыл жасайды.

Құрамы. Қоғам Директорлары кеңесінің 14.12.2010 жылғы шешімімен (№10/10 хаттама) бекітілген, Аудит жөніндегі комитет туралы ереженің 10-14-тармағына, 2013 жылғы 31 қазандағы өзгерістерге (№ 11/13 хаттама) сәйкес, Аудит жөніндегі комитет, тәуелсіз директор(лар)ды қоса алғанда, ең кемі екі адамнан жасақталуға тиісті. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

Қоғам Директорлары кеңесінің 25.04.201 жылғы 10 тамыздағы шешімімен (№10/12 хаттама) Комитеттің мына құрамы белгіленді:

- З.Ф. Арсланова - Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы, тәуелсіз директор;
- А.А. Аргингазин - Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы;

Қоғам Директорлары кеңесінің 2014 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№07/17 хаттама) Комитет құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ Электроэнергетика және тау-металлургия активтері дирекциясының бас сарапшысы Бауыржан Алпысбайұлы Айнабеков сайланды.

Осылайша, Аудит жөніндегі комитеттің қазіргі құрамы мынадай:

- З.Ф. Арсланова - Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы, тәуелсіз директор;
- А.А. Аргингазин - Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.
- Б.А. Айнабеков - Аудит жөніндегі комитет сарапшысы.

Қызметі туралы есеп. Есепті кезеңде Аудит жөніндегі комитеттің күндізгі нысандағы 9 отырысы өткізілді. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2014 жылы, оның отырыстарына дербес қатысуы былайша көрініс табады:

№	Отырыстар күні	Аудит жөніндегі комитет мүшелері		
		А.А. Аргингазин	З.Ф. Арсланова	Б.А. Айнабеков*
1.	2014 жылғы 26 ақпан	✓	✓	
2.	2014 жылғы 20 наурыз	✓	✓	
3.	2014 жылғы 31 наурыз	✓	✓	
4.	2014 жылғы 28 сәуір	✓	✓	
5.	2014 жылғы 28 мамыр	✓	✓	
6.	2014 жылғы 16 шілде	✓	✓	-
7.	2014 жылғы 29 тамыз	✓	✓	-
8.	2014 жылғы 29 қазан	✓	✓	-
9.	2014 жылғы 19 желтоқсан	✓	✓	-
	Жиыны	100%	100%	0

*Айнабеков Б.А аудит жөніндегі комитет құрамына 2014 жылғы 28 мамырда сайланды, №07/14

Аудит жөніндегі комит арқылы құзыретіне кіретін 47 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді:

1. Тау-Кен Самұрық» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарын қарау.
2. Қазақстандық компанияларының ақпарат ашуды талдау нәтижелерін есепке ала отырып, «Тау-Кен Самұрық» АҚ ішкі аудит қызметі өткізген, «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2012 жылғы және 2013 жылғы 9 айдағы ақпарат ашу процестерінің мөлдірлігін және тиімділігін бағалау аудиті қорытындылары бойынша аудит объектісі ұсынған, «Тау-Кен Самұрық» АҚ түзетуші және/немесе алдын ала ескерту іс-қимылдары жоспарын қарау туралы .
3. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы»акционерлік қоғамының жаңа редакциядағы аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясатын қарау.
4. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлары кеңесінің 27.12.2013 жылғы шешімімен (№13/13 хаттама) бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуекелдер тіркемесіне, Тәуекелдер картасына, тәуекел-тәбетін, шыдамдылық деңгейін анықтауға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
5. «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің және оның басшыларының 2014 жылғы қызметінің түйінді көрсеткіштерін қарау.
6. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2014 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын қарау.
7. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің қызметі туралы есебті қарау.
8. «Тау-Кен Самұрық» АҚ банк-контрагенттеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша қосымша лимиттерді бекіту туралы мәселені алдын ала мақұлдау.
9. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылға арналған жаңа редакциядағы Тәуекелдер тіркемесін бекіту туралы.
10. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы жылдық жекелеме және шоғырландырылған қаржылық есебін қарау.
11. Сыртқы аудиторлармен кездесу аясында «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебінің аудиттік нәтижесі бойынша басшылықтың хатын қарау.
12. «Тау-Кен Самұрық» АҚ және оның еншілес ұйымдарындағы бухгалтерлік персоналды дамыту бағдарламасын мақұлдау.
13. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Ішкі аудит қызметі туралы ережесін қарау.
14. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқауды қарау.
15. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы (екінші рет) 2014 жылғы арналған Тәуекелдер тіркемесін қайта қарау туралы.
16. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижесі туралы есебін қарау.
17. 2013 жылға арналған маңызды тәуекелдерді сипаттап және талдай отырып (оның ішінде құқықтық тәуекелдерді) тәуекелді басқару жөніндегі есебті, тәуекелдерді азайту бойынша жоспарын іске асыру жөніндегі мәліметті қарау.
18. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013-2015 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шара жоспарының орындалуы туралы 2013 жылғы 4 тоқсанындағы есебін қарау.

19. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013-2015 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шара жоспарының орындалуы туралы 2014 жылғы 1 тоқсанындағы есебін қарау.
20. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы ереженің жобасын қарау;
21. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметі персоналының кейбір мәселелері туралы.
22. «Тау-Кен Самұрық» АҚ болжалды бұзушылықтар туралы хабарлама саясатын қарау.
23. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы I тоқсанындағы тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала болжау.
24. «Тау-Кен Самұрық» АҚ банк-контрагенттеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша қосымша лимиттерді алдын ала мақұлдау.
25. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің лауазым атауларын өзгерту және жұмысшылардың еңбекақысының мөлшерін өзгерту туралы мәселені қайта қарау;
26. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есебін қарау.
27. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің және оның басшыларының 2013 жылғы жұмысын алдын ала бағалау.
28. Қоғамның 2014-2022 жылдарға арналған корпоративті басқару жүйесінің ұзақ мерзімді даму стратегиясын алдын ала мақұлдау.
29. «Тау-Кен Самұрық» АҚ үздіксіз қызмет жоспарын алдын ала мақұлдау.
30. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2015 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шара жоспарының жобасын қарау.
31. «Тау-Кен Самұрық» АҚ алаяқтық және тонау тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатты мақұлдау туралы.
32. «Тау-Кен Самұрық» АҚ тәуекелдерді басқару қағидасын (Корпоративті стандарт) қарау және мақұлдау.
33. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылға арналған тәуекелдер және бақылау матрицасын қарау және мақұлдау.
34. Қоғамның 2014-2022 жылдарға арналған корпоративті басқару жүйесінің ұзақ мерзімді даму стратегиясын алдын ала мақұлдау (екінші рет).
35. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы 2 тоқсандағы тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала қарау.
36. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік компаниясының тәуекелдерді басқару саясатын алдын ала мақұлдау.
37. Сыртқы аудиторлармен кездесу аясында «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы I жарты жылдықтағы аралық қаржы есептемесін шолу туралы мәселені қарау.
38. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің аға аудиторы және аудиторы бос лауазымына кандидатураларды қарау.
39. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалауды өткізу мақсаттылығы туралы мәселені қарау;
40. «Тау-Кен Самұрық» АҚ маңызды мақсаттарына қатысты 2015 жылға арналған тәуекел-тәбетін және төзімділік деңгейін анықтау туралы өтінішін алдын ала мақұлдау мақұлдау.
41. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2015 жылға арналған Тәуекелдер тізімін және Тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдау.

42. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2015 жылға арналған қиын (маңызды) тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын алдын ала мақұлдау.
43. «Тау-Кен Самұрық» АҚ банк-контрагенттеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша қосымша лимиттерді алдын ала мақұлдау.
44. «Тау-Кен Самұрық» АҚ банк-контрагенттеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша қосымша лимиттерді алдын ала мақұлдау.
45. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2015 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шара жоспарының орындалуы туралы 2014 жылғы 3 тоқсандағы есебті қарау және алдын ала мақұлдау.
46. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы тәуекелдер жөніндегі 2014 жылғы 3 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау.
47. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік компаниясының 2015 жылға арналған Директорлары кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің

Рөлі. Комитет, Қоғам Директорлары кеңесінің құзыретіне кіретін, кадр саясаты және уәждеме саясаты мәселелері, тағайындау және сыйақы жөніндегі мәселелер, сондай-ақ Қоғам Директорларының кеңесі қабылдаған осындай шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру бойынша Қоғам Директорлары кеңесінің консультативті-кеңесші органы болып табылады.

Комитет, Директорлар кеңесіне Қоғамның, оның ішінде Қоғам Директорлары кеңесіне, Қоғамның Басқармасына білікті менеджменттерді тарту мәселелері және тағайындалуын Қоғам Директорларының кеңесі жүзеге асыратын, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің және тағайындалуын Қоғам Директорларының кеңесі жүзеге асыратын, Қоғамның өзге де мүшелерінің сыйақысы мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарау және әзірлеу үшін құрылған.

Комитеттің мәртебесі, құрамы, жұмыс тәртібі, құзыреті мен функциясы, отырыстарды шақыру мен өткізу процедурасы, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқығы мен жауапкершілігі Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет туралы ережеде белгіленген.

Құрамы. Қоғам Директорлары кеңесінің 20.07. 2011 жылғы шешімімен (№2/11 хаттама), Қоғам Директорлары кеңесінің Тағайындау жөніндегі комитеті мен Сыйақы жөніндегі комитеті Қоғам Директорлары кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетіне біріктірілді.

Қоғам Директорлары кеңесінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі шешімімен бекітілген (№6/12 хаттама), Қоғам Директорлары кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті туралы ереженің 11-15-тармағына, 2013 жылғы 28 наурыздағы өзгерістеріне сәйкес (№ 03/13 хаттама), Комитет құрамына кемі үш директор енуі, олардың кемі үштен екісі Тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Комитет мүшелері Директорлар кеңесінің көпшілік дауысымен сайланады. Басқарма төрағасы Комитет мүшесі бола алмайды. Қажет болған жағдайда Комитет құрамына, Комитеттегі жұмыс үшін тиісті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі, олардың Директор ретіндегі өкілеттігіне сәйкес келеді, алайда, Директорлар кеңесі жыл сайын қайта қаралуы мүмкін. Комитет төрағасын Тәуелсіз директорлар қатарындағы Директорлар кеңесі сайлайды.

Қоғам Директорлар кеңесінің 25.04.2013 жылғы шешіміне (№04/13 хаттама) сәйкес Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мына құрамы анықталды:

- Аргингазин Арман Ануарбекович, тәуелсіз директор, Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы;
- Арсланова Зарина Фуатовна, тәуелсіз директор, Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі;

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 28 мамырда №07/14 шешімімен Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мынадай құрамы анықталды:

- Аргингазин Арман Ануарбекович – Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы;
- Дутбаев Нартай Нуртаевич – Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі;
- Айнабеков Бауыржан Алпысбаевич – «Самұрық-Қазына» АҚ тау-металлургия және электроэнергетика активтері дирекциясының бас сарапшысы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің expertі.

Тәуелсіз директор Н.Н. Дутбаевтың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтауына байланысты («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 31 қазандағы №49/14 шешімі негізінде) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №11/14 шешімімен Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі ретіндегі Н.Н.Дауытбаевтың өкілеттілігі тоқтатылды, сондай-ақ «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің әрекеттігі құрамы анықталды:

- Аргингазин Арман Ануарбекович - Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы;
- Арсланова Зарина Фуатовна - Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет мүшесі;
- Айнабеков Бауыржан Алпысбаевич - «Самұрық-Қазына» АҚ тау-металлургия және электроэнергетика активтері дирекциясының бас сарапшысы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің expertі.

Қызметі туралы есеп. Есептік кезеңде Комитет отырысы толық құрамда өткізілді. Есептік кезеңде Комитет арқылы 8 күндізгі отырыс өткізілді.

Есепті кезеңде Комитет отырыстары толық құрамда өткізілді. Есепті кезең өткізілген отырыстарға Комитет мүшелерінің дербес қатысуы былайша көрініс береді.

№	Отырысты өткізу күні	А.А.Аргингазин	З.Ф.Арсланова	Н.Н.Дутбаев*	Б.А.Айнабеков**
1	2014 жылғы 26 ақпан	✓	✓	Комитет мүшесі емес	Комитет Сарапшысы емес
2	2014 жылғы 31 наурыз	✓	✓		
3	2014 жылғы 28 ақпан	✓	✓		
4	2014 жылғы 16 шілде	✓	Комитет мүшесі емес	✓	-
5	2014 жылғы 29 тамыз	✓		✓	-
6	2014 жылғы 04 қараша	✓	✓		-

№	Отырысты өткізу күні	А.А.Аргингазин	З.Ф.Арсланова	Н.Н.Дутбаев*	Б.А.Айнабеков**
7	2014 жылғы 08 желтоқсан	✓	✓	Комитет мүшесі емес	-
8	2014 жылғы 19 желтоқсан	✓	✓		-
	Жиыны	100%	75%	25%	0

*2014 жылғы 20 қазаннан бастап тәуелсіз директор Н.Н.Дауытбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 31 қазандағы №49/14 шешімі негізінде).

*Айнабеков Б.А 2014 жылғы 28 мамырдан бастап №07/14 хаттама негізінде тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет құрамына сайланды

Есептік кезеңде комитет арқылы 8 сырттай отырыс өткізіліп, онда Қоғам директорларының кеңесінде қаралуға ұсынылған 22 мәселе қаралып, ұсыныстар берілді.

1. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2022 жылдарға арналған Кадрлық саясатын қайта қарау туралы.
2. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2013 жылғы Директорлары кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің қызметі туралы есебті қарау;
3. «Тау-Кен Самұрық» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің ҚТК орындау негізінде 2012 жылғы қызметін бағалау.
4. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы мүшелерінің 2014 жылға арнаған жұмысының маңызды көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәнін қарау.
5. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Ішкі аудит қызметі туралы ережесін қарау;
6. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқауды қарау;
7. «Тау-Кен Самұрық» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің ҚТК орындау негізінде 2012 жылғы қызметін бағалау (екінші рет).
8. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшысының 2014 жылғы 1-тоқсандағы қызметі туралы есепті қарау;
9. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Басқарма мүшелері қызметінің маңызды көрсеткіштерін бекіту туралы.
10. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшысының 2014 жылғы 2-тоқсандағы қызметі туралы есепті қарау;
11. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы көлемінің өзгеруі туралы мәселені қарау.
12. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшының 2014 жылға арналған қызметінің маңызды көрсеткіштерін қарау туралы.
13. «Тау-Кен Самұрық» АҚ жаңа редакциядағы Басқарма мүшелерінің және басшы қызметкерлерінің жұмысын бағалау және сыйақыландыру қағидасын бекіту туралы.
14. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы 1 жарты жылдықтағы сабақтастықты жоспарлау саласындағы бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі есебті қайта қарау туралы.
15. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма құрамының саны туралы.
16. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің аға аудиторы және аудиторы бос лауазымына кандидатураларды қарау.

17. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшысының 2014 жылғы 3 тоқсандағы қызметі туралы есепті қарау.
18. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Тәуелсіз директоры лауазымына кандидаттарды алдын ала қарау.
19. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік компаниясының кадрлық резервінің жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы.
20. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік компаниясы Директорлары кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
21. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Корпоративтік хатшысының 2014 жылғы 4 тоқсандағы қызметі туралы есепті қарау.
22. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы мүшелерінің 2015 жылға арнаған жұмысының маңызды көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәнін қарау.

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет

Рөлі. Комитет Қоғамның стратегиялық даму мәселесі жөніндегі ұсыныстарды, оның ішінде Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін әзірлеу мен ұсыну, сондай-ақ Комитеттің құзіретіне кіретін инвестициялық қызмет пен өзге де мәселелерді ж.зеге асыру мақсатында құрылған Қоғамның директорлар кеңесінің консультативті-кеңесіші органы болып табылады.

Комитеттің дәрежесі, құрамы, жұмыс тәртібі, құзыреті және функциясы, отырысты шақыру және өткізу процедурасы, шешімдерді әзірлеу, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет туралы ережемен анықталған.

Құрамы. Қоғамның Директорлар кеңесінің 28.05.2014 жылғы (№07/14 хаттама) шешіміне сәйкес, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеті мынадай құрамды құрылды:

- Дутбаев Нартай Нуртаевич – Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитетінің төрағасы;
- Арсланова Зарина Фуатовна - Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет мүшесі;
- Огай Алексей Владимирович – «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директордың орынбасары, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитетінің сарапшысы.

Тәуелсіз директор Н.Н. Дутбаевтың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтауына байланысты («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 31 қазандағы №49/14 шешімі негізінде) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №11/14 шешімімен Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің мүшесі ретіндегі Н.Н. Дауытбаевтың өкілеттілігі тоқтатылды.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №11/14 шешімімен Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің әрекеттігі құрамы анықталды:

- Арсланова Зарина Фуатовна – Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің төрағасы;

- Аргингазин Арман Ануарбекович - Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет мүшесі;
- Огай Алексей Владимирович – «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директордың орынбасары, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитетінің сарапшысы.

Қызметі туралы есеп. Есептік кезеңде Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитетте арқылы 4 іштей отырыс өткізілді. Есептік кезеңде өткізілген отырыстарда комитет мүшелерінің дербес қатысуы төмендегідей көрсетілген.

№	Отырысты өткізу мерзімі	Аргингазин А.А.*	Арсланова З.Ф.	Дутбаев Н.Н.**	Огай А.В.
1	2014 жылғы 16 шілде	Комитет мүшесі	✓	✓	✓
2	2014 жылғы 29 тамыз	емес	✓	✓	✓
3	2014 жылғы 4 қараша	✓	✓	Комитет мүшесі емес	✓
4	2014 жылғы 19 желтоқсан	✓	✓		✓
	Жиыны	50%	100%	50%	100%

* 2014 жылғы 20 қазаннан бастап Тәуелсіз директор Н.Н. Дутбаевтың өкілеттілігі тоқтатылды («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 31 қазандағы №49/17 шешімі негізінде).

* А.А. Аргингазин стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің құрамына сайланды (2014 жылғы 4 қараша, №11/14).

Есептік кезеңде Комитет арқылы 4 іштей отырыс өткізіліп, онда Қоғам директорлары кеңесінің қарауына ұсынылатын 12 мәселе қаралып, ұсыныстар берілді:

1. «Тау-Кен Самұрық» АҚ директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет туралы ережені қарау туралы.
2. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2022 жылға дейінгі ұзақмерзімді инвестициялық шебер-жоспарын дамытуды және «Тау-Кен Самұрық» АҚ инвестициялық жобаларын жүзеге асырудың соңғы көрсеткіштерін мақұлдау туралы.
3. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылғы 1 жарты жылдықтағы инвестициялық бағдарламаны орындау мониторингі бойынша есепті қарау.
4. «Астана қаласындағы Аффинажды зауытта күмісті вакуумды тазарту технологиясын енгізу» жобасын жүзеге асыруды мақұлдау туралы.
5. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014 жылдың 9 айындағы инвестициялық бағдарламаларды орындау мониторингі бойынша есепті қарау.
6. «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2014-2022 жылдарға арналған инновациялық-технологиялық стратегия жобасын қарау туралы
7. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлары кеңесінің 2015 жылға арналған стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің жұмыс жоспарын бекіту туралы.
8. Геологиялық барлау жұмыстары кезеңіндегі инвестициялық жобалардағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ қатыс үлесін жүзеге асыратын индикаторлық шарттарды мақұлдау туралы.

Директорлар кеңесі қызметін бағалау

Қоғамда Қоғамның Директорлары кеңесінің қызметін бағалау туралы ереже бекітілген.

Қоғамның Директорлары кеңесімен 2014 жылғы желтоқсанда сауалнама жүргізу арқылы «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлары кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды өткізу туралы шешім қабылданды.

Бағалауды өткізудің мақсаты Директорлар кеңесіне талдау жүргізіп, қызметтің мықты және осал тұстарын анықтауға, Директорлар кеңесінің жұмысына қажетті түзетулерді енгізуге, қызметтің мақсатты бағыттарына түзетулер енгізіп тиімділік деңгейін және тиімділікті жоғарлатуды анықтауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер негізінде тиісті есеб дайындалып, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында қаралады.

Директорлар кеңесі мүшелерін марапаттау

Қоғам Жарғысының 52-бабы 9) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысының мөлшерін белгілеу мен төлеу ережелерін айқындау, Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатады.

Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу, Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2009 жылғы 22 мамырдағы №55/09 шешімімен бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығындарын өтеу қағидасы, 24.05.2012 жылғы өзгерістері негізінде жүзеге асырылады (№23/12 хаттама).

Жоғарыда көрсетілген Қағидаға сәйкес, тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу, мына шарттарды орындаған кезде жүзеге асырылады:

- Қоғамның мүддесін барынша дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін адал орындау;
- шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алу;
- сырқаттануды, демалысты, іссапарды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу.

Тәуелсіз директорларға мынадай сыйақылар төленеді

- тиянақты сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорлардың жылдық тиянақты және қосымша сыйақысының мөлшері Жалғыз акционердің дара шешімімен белгіленеді.

Заңнамамен коммерциялық ұйымдардан қандай да бір төлемдер алуды шектеу немесе тыйым салу көзделген Директорлар кеңесінің мүшелеріне және бір уақытта Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілі және Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Осылайша, сыйақыны тәуелсіз директорлар ғана алады. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеудің ережесі мен тәртібі, Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.

Әлемдік үздік корпоративтік басқару тәжірибесіне сәйкес, сыйақының негізгі нысаны ретінде мынаны пайдаланады:

- директорлар кеңесіне мүшелігі үшін жылдық тиянақты сыйақы, салық және басқа да міндетті аударымдарды ұстап қалғаннан кейін - 1 200 000 (бір миллион екі жүз мың) теңге (сыйақы төленетін есепті кезеңнен кейінгі айдың ішінде, күнтізбелік жылдың тиісті жарты жылдығында бір рет төленеді);

- Директорлар кеңесі комитетінің әрбір күндізгі отырысы жұмысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы – 75 000 (жетпіс бес мың) теңге (күндізгі отырыс өткен күннен кейінгі айдың ішінде төленеді);
- тәуелсіз директорлардың тұрақты мекенжайынан тысқары жерде өтетін, Директорлар кеңесі отырысына жол жүрумен байланысты (жол жүру, тұру ақысы, тәуліктік, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы, сканерлеу, ксерокөшірме, факс, деректер алу, құжаттарды басып шығару, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне кіру) шығындарды өтеу (Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген, Қоғам Басқармасы төрағасының іссапар шығындарын өтеу нормасы шегінде).

Қоғам Директорлары кеңесінің мүшелері басқадай сыйақылар немесе жеңілдіктер алмайды, сондай-ақ сыйақының жоғарғы шегі болмайды және «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциясы түріндегі өзге де сыйақылар көзделмеген.

Осы ретте, күндізгі отырыстарда сырқатына, іссапарда, демалыста болуына байланысты болмауын қоспағанда, есепті кезеңде тәуелсіз директорлардың Қоғам Директорлары кеңесінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай орыстарының тең жарымынан азына қатысуы жағдайында тиянақты сыйақы төленбейді.

Осылайша, Директорлар кеңесі арқылы 2014 жылы Компанияны корпоративті басқару кодекісінде, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесінде, сондай-ақ Диреторлар кеңесінің 2014 жылға арналған Жоспарына белгіленген мақсаттар, міндеттер мен функционалдық міндеттер толығымен орындалды.

15.3 Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне ұйымдастырушылық бағынысты және функционалдық есеп беретін Қоғамның органы болып табылады. Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі қызметінің жұмысына басшылық жасайды.

Қызметтің миссиясы, Директорлар кеңесіне Басқармаға Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуі бойынша олардың міндеттерін орындауға тиісті көмек көрсету болып табылады.

Қызмет жұмысының негізгі мақсаты, Директорлар кеңесіне, Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және шынайы кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Жылдық аудиторлық жоспарды орындаған кезде, Қызмет тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдаланады. Аудиторлық тексерулер, Аудит жөніндегі комитет мақұлдаған және Компанияның Директорлары кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырылады.

2014 жылы, Компанияның Директорлары кеңесі Қызмет алдына қойған негізгі мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, ішкі бақылаудың корпоративті жүйесіне және тәуекелді басқаруға бағалау жүргізілді, сондай-ақ Компанияның корпоративті басқаруына диагностика жүргізу басталды. Қызмет жүргізген аудиторлық тексеріс нәтижесі бойынша көрсетілген корпоративті жүйелерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсынылды.

Тоқсандық негізде қызмет, сондай-ақ ішкі аудиторлар ұсынған ұсыныстарды орындау бойынша мониторинг жүргізіліп отырылды.

Қызметті координациялау мақсатында тиімді қамтуды және қосарлама жұмысты азайту үшін Қызмет арқылы ішкі аудиторға қатысты Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы ақпарат ұсынылған.

Есептік кезеңде тәуекелді басқару саласында қызметтер саны ұдғайтылып, лауазымдар мен қызметкерлердің еңбек жалақысының деңгейі қайта қаладып, Қызметті құрамдау қамтамасыз етілді.

Үздіксіз кәсіби даму, білімді, дағдыны және біліктілікті тұрақты жетілдіру мақсатында есептік кезеңде, Қызметтің жұмысшы-қызметшілері ішкі аудит саласындағы және Компания қызметіне қатысты салалардағы сияқты білім алу іс-шараларына қатысты.

Есептік кезеңде, Қызметтің жұмысын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды енгізу және жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді. Ішкі аудит қызметі туралы ереже және Компанияның ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық қайта қаралып, Компаниядағы болжалды бұзушылықтар туралы хабарлама саясаты әзірленді.

2014 жылы Компанияның аудит жөніндегі комитетімен және Директорлары кеңесімен Қызмет жұмысының тиімділігіне ішкі бағлау жүргізілді.

15.4 Басқарма

Басқарма, Қоғамның алқалы атқарушы орган бола отырып, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттерді орындау үшін жауап береді.

Басқарма мүшелерінің құқығы мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, еңбек шартымен айқындалады.

Қоғам Жарғысының 108-тармағына сәйкес Басқарма кемі 3 (үш) адамнан жасақталады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 қарашадағы шешімімен (№11/14 хаттама) алты адамнан тұратын Қоғамның Басқарушы құрамы анықталды.

Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары бос орнының болуына байланысты, қазіргі уақытта Қоғамның Басқарма құрамы бес Басқарма мүшесінен тұрып, бұл туралы ақпарат төменде көрсетілген.

Басқарма құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Турмагамбетов Мажит Абдыкаликович	Басқарма төрағасы, «Тау-Кен Самұрыұ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
2	Избасханов Кылышбек Сатылганович	«Тау-Кен Самұрыұ» АҚ өндірістік қызмет жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары.
3	Бигожин Талгат Жанболатович	«Тау-Кен Самұрыұ» АҚ Қаржы және мониторинг жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары.
4	Ижанов Айбек Балдаевич	«Тау-Кен Самұрыұ» АҚ геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директор.
5	Карим Дамир Амангельдыұлы	«Тау-Кен Самұрыұ» АҚ қаржы жөніндегі басқарушы директор.

Басқарма мүшелері туралы деректер

Турмагамбетов Мажит Абдыкаликович

Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Компанияда жауап беретін мәселелер аясы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

ДК алғаш сайланған күні, ДК ағымдағы сайланған күні: «Самұрық-Қазына» Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімі, №08/12 хаттама.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1961 жылғы 1 ақпан

Білімі: Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық училищесінің «Инженер-механик» мамандығын тәмамдаған (1984).

Жұмыс тәжірибесі: 1984 жылдан – мастер, Алматы қ. С.М. Киров атындағы машина жасау зауытының цех бастығының орынбасары, 1989 жылдан бастап – «Дамис» ШК директорының орынбасары.

1991 жылдан – «Қазақ жылжымайтын орталық биржасы» АҚ іс басқарушысының орынбасары. 1992 жылдан – «Дамис93» бас директоры. 1996 жылдан – «Алмаз» зергерлік корпорациясы» БК бас директорының орынбасары.

1997 жылдан – ҚР Экономика және сауда министрлігі Өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары. 1998 жылдан – ҚР ҚМ, ҚР ЭИСМ, ҚР МКМ Мемлекеттік алкоголь өнімдерінің өндірісін және айналымын бақылау комитеті төрағасының орынбасары.

2001 жылдан – ҚР Табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің вице-министрі. 2003 жылдан – «Инновациялық қор» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары. 2004 жылдан – «АстанаЭнергоСервис» АҚ басқарма төрағасы. 2006 жылдан – коммерциялық құрылымдардың басшылық лауазымдары. «Максимум» аймақтық инвестиция орталығы» ЖШС директоры (Оңтүстік Қазақстан облысы). 2008 жылдан – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары. 2009 жылғы наурыздан – ҚР Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі.

2012 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы.

«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005 жыл), «Астананың 10 жылдығы» (2008 жыл), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 жыл) медалдарымен, «Құрмет» (2014 жыл) орденімен медальдарымен марапатталған.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ, «Kazcinc Holdings» ЖШС Директорлары кеңесінің мүшесі.

Компанияның, жеткізушілердің, бәсекелестер мен аффилирленген тұлғалардың акцияларына иелік етпейді.



Избасханов Кылышбек Сатылганович

Басқарма төрағасының өндірістік қызмет жөніндегі орынбасары.

Компанияда жауап беретін мәселелер аясы: инновациялық-технологиялық даму жөніндегі саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1952 жылғы 26 қазан

Білімі: В.И. Ленин атындағы Қазақ Политехникалық институтын «Инженер-металлург» мамандығы бойынша тәмамдаған (1975).

Жұмыстағы тәжірибесі:

1975 жылдан – Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының күйдірушісі.

1976 жылдан – Шымкент қорғасын зауыты балқыту цехының балқытушысынан бастығына дейінгі жолдан өтті.

1985 жылдан – Шымкент қорғасын зауытының директоры.

1991 жылдан – ҚР Мемлекетті мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы.

1993 жылдан – Мемлекеттік холдингтік компанияның президенті.

1996 жылдан – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

1997 жылдан – Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.

1999 жылдан – ҚР Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі ОҚО бойынша департаментінің директоры.

2000 жылдан – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

2002 жылдан – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ атқарушы директоры.

2006 жылдан – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ вице-президенті.

2009 жылдан – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ Өнеркәсіптік активтерді басқару дирекциясының директоры.

2009 жылдан – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Өндіріс және инжиниринг жөніндегі басқарушы директоры.

«Құрмет» (2006 жыл), «Парасат» (2012 жыл) ордендерімен, «ҚР Құрметті машина жасаушы», «Почетный Metallург СССР» төс белгілерімен марапатталған.

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: жоқ.

Компанияның, жеткізушілердің, бәсекелестер мен аффилирленген тұлғалардың акцияларына иелік етпейді.

Бигожин Талгат Жанболатович

Басқарма төрағасының қаржы және мониторинг жөніндегі орынбасары.

Компанияда жауап беретін мәселелер аясы: Қоғамның инвестициялық саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1974 жылғы 16 тамыз

Білімі: Қарағанды мемлекеттік университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша тәмамдаған (1996).

Жұмыс тәжірибесі:



1991 - 1995 жылдары – Қарағанды обысы Тоқырауын ауданының Салық инспекциясында жұмыс істеді.

1995 - 2000 жылдары – «Цветметбанк» АБ Балқаш бөлімшесінде, Халық Банктің Балқаш бөлімшесінде, «Қазақалтын» АҚ, «ЦГХК» АЖШС, «Прогресс» АҚ әртүрлі лауазымдар.

2000 – 2001 жылдары «Қазақстан Халық Банк» ААҚ Ақмола облыстық филиалы жоспарлау-қаржы бөлімінің бастығы, бөлшек бизнес басқармасының бастығы.

2001 – 2002 жылдары – «Қазақстан Даму Банк» ЖАҚ бас менеджері.

2003 жылдары – «Корпорация «Golden Grain Group» ЖАҚ, «Агро-М-холдинг» ЖШС қаржы директоры.

2004 жылдан – «Астанаэнергосервис» АҚ Басқармасы төрағасының кеңесшісі, Басқарма бастығының қаржы, жабдықтау және жалпы қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

2006 жылдан – «Астанаэнергосбыт» ЖШС директорының кеңесшісі.

2008 – 2012 жылдары – «Қазақстан Даму Банк» АҚ, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ, «Казэросервис» АҚ, «Казгидромет» РМК, «Астанаэнергоконтракт» ЖШС, «НК «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ әртүрлі басшылық жұмыстарда болды.

2012 жылдан – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасының қаржы және мониторинг жөніндегі орынбасары.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған (2012 жыл).

Өзге де ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: жоқ

Компанияның, жеткізушілердің, бәсекелестер мен аффилирленген тұлғалардың акцияларына иелік етпейді.

Ижанов Айбек Балдаевич

Геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директор.

Компанияда жауап беретін мәселелер аясы: геология, жер қойнауын пайдалану саласындағы саясатты қалыптастыру мен іске асыру бойынша Қоғамның қызметін ұйымдастыру

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1976 жылғы 08 тамыз

Білімі: Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін «Қатты пайдалы қазба кен орындарын барлау технологиясы және техникасы» мамандығы бойынша тәмамдаған (1998), біліктілігі «Тау инженері».

Халықаралақ Бизнес академиясы, Менеджмент мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрі (2011).

Жұмыс тәжірибесі:

1999 – 2001 жж. – «Центргеолсъемка» АҚ көлік-бұрғылау цехының бұрғылау мастери, бастығы, Қарағанды қ.

2001 – 2002 жж. – «Жәйрем ТБК» АҚ материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің қосалқы бөлшектер жөніндегі менеджері, бастығының орынбасары, Қарағанды облысы.

2002 – 2007 жж. – ҚР Энергетика және минералдық реурстар министрлігі Жер қойнауын пайдалану департаментінің бас маманы, бөлім бастығы.



2007 - 2009 жж. – "Сарыарқа" АКК» ҰК» АҚ Жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры, Астана қ.

2009 – 2013 жж. – Жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры, юрссәрушы директор – бас геолог, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жер қойнауын пайдалану департаментінің басқарушы директоры.

2014 жылғы қарашадан – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы құрамында, Геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директор.

Өзге ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: жоқ

Компанияның, жеткізушілердің, бәсекелестер мен аффилирленген тұлғалардың акцияларына иелік етпейді.

Карим Дамир Амангельдыұлы

Қаржы жөніндегі басқарушы директоры

Компанияда жауап беретін мәселелер шеңбері: бюджеттік және қазнашылық саясатты қалыптастыру мен іске асыру бойынша қызметті ұйымдастыруды, бухгалтерлік есеп және есептік саласындағы саясатты, сондай-ақ ақпараттық-ұйымдастырушылық камсыздандыруға жауап береді.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1972 жылғы 20 қараша

Білімі: Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетін «Экономика және тау өнеркәсібі мен геологиялық барлау саласындағы басқару» мамандығы бойынша (1997), Қазақ Мемлекеттік заң академиясын «Заңтану» мамандығы бойынша (2001), Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесімен «Пайдалы қазба кен орындарын барлау геологиясы» мамандығы бойынша (2015) аяқтады.

Жұмыс тәжірибесі:

1997 – 2001 жылдары – Қарағанды қаласындағы «Алаш» АҚ экономисі.

2002 – 2004 жылдары – «ТНК «Казхром» АҚ ТГЖБ АФЗ жоспарлау және талдау жөніндегі жетекші маманы.

2004 – 2008 жылдары – ENRC «ТНК «Казхром» АҚ «Қазмарганец» РБ жоспарлау-экономикалық бюросының бастығы, бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы.

2008 – 2009 жылдары – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бас менеджері.

2009 – 2014 жылдары – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаментінің директоры, Қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталған (2014 жыл).

Басқа да ұйымдардың ДК жұмысы және мүшелігі: «KazzincHoldings» ЖШС Директорлары кеңесінің мүшесі.

Компанияның, жеткізушілердің, бәсекелестер мен аффилирленген тұлғалардың акцияларына иелік етпейді.

Басқарманың қызметі туралы есеб

2014 жылы Басқармада 204 отырыс өтіп, 483 мәселе бойынша шешімдер қабылданды, олардың 149 Қоғамның директоралыр кеңесінің қарауына және шешім қабылдануына



ұсынылды, 9 – «Самұрық қазына» АҚ инвестициялық-инновациялық комитетіне, 2 – Жалғыз акционердің қарауына ұсынылды.

Басқарманың комитеттері

Жыл бойында консультациялық-ұсыныс жасау органдарын құрған - Бюджеттік комитет, Кадр саясаты жөніндегі комитет, Инвестициялық-инновациялық кеңес және Ғылыми-техникалық кеңес жұмыс істеді.

Бюджеттік комитет

Рөлі. Қоғамның бюджет процесін жүзеге асыруды үйлестіретін, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган.

Комитет өзінің жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының шешімдерін, Қоғамның ішкі құжаттарын, сондай-ақ Комитет туралы осы ережені басшылыққа алады.

Қызметі туралы есеп. 2014 жылы 9 отырыс өткізілді. Негізгі қаралған мәселелер: Компанияның 2014-2018 жылдарға арналған Компанияның даму жоспарына түзету енгізу; есептік кезеңдер бөлісіндегі даму жоспарын орындау туралы есептерді қарау; еншілес ұйымдардың есептік кезеңдер бөлісіндегі даму жоспарын орындау туралы есептерді қарау.

Научно-технический совет

Рөлі Қоғамның қызметін ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-талдау және сараптық қамтамасыз ету мақсатында құрылған, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік және кеңесші орган болып табылады.

Ғылыми-техникалық кеңес өзінің қызметінде, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Ғылыми-техникалық кеңес туралы ережені, сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

ҒТК өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша, ұсыныс сипатындағы шешімдерді қабылдайды.

Қызметі туралы есеп. Есептік кезеңде ҒТК 3 отырысы өтіп, 8 мәселе қаралды оның ішінде «Алайғыр» кен орнындағы полиметалл кеніне геологиялық-экономикалық қайта бағалау бойынша бағалау жұмыстарының жобасы, алтын аффинажын және өндірістің тиімділігін жоғарлату кезіндегі (таңбалық сызықтардың жабдығын монтаждау) күмісті вакуумды тазарту кезіндегі «Тау-Кен Алтын» ЖШС инновациялық жобалары қаралды.

Жер асты тәсілімен Шалқия кен орнындағы полиметалл кенін өндірістік әзірлеу, Алайғыр кен орнының полиметалл кенін байыту бойынша ұсынылған технологиялар талқыланды.

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Рөлі. Қоғамның Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңес, Қоғам Басқармасының шешімі негізінде құрылады және Қоғам Басқармасына тікелей есеп береді.

Кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, Қоғамның Жарғысын, Қоғамның ережесін және ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Қызметі туралы есеп. 2013 жылы 59 отырысы өткізілді. Негізгі қаралған мәселелер: «Масальский ГОК» ЖШС жарғылық капиталындағы 93% қатыс үлесін сатып алуды

мақұлдау, сондай-ақ Шалқия, Силициум, Шоқпар-Гагаринское, Спасск мыс кенді аймағы жобаларын қаржыландыруды және аффинажды зауыттағы күмісті вакумды тазалауды енгізуді мақұлдау.

Кадрлық саясат жөніндегі комитет

Ролі. Персоналды басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын, Басқарма шешімдерін орындайтын және өзіне жүктелген міндеттерді орындау бойынша басқармаға есеп беруді жүзеге асыратын тұрақты әрекет ететін консультациялық-кеңесші орган.

Кадрлық саясат жөніндегі Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Кадрлық саясат жөніндегі Комитет туралы ережемен анықталады.

Қызметі туралы есеп. 2014 жылы 13 отырысы өткізіліп, мынадай мәселелер қаралды. Олар: 2014-2022 арналған Кадрлық саясат, 2014 жылға арналған қызметкерлердің мақсаттар картасы, қызметті бағалау, қызметкерлерді сыйақыландыру және көтермелеу еңбек және орындаушылық тәртіптің мәселелері және т.б.

Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау

Қоғамның Басқарма мүшелерінің өнімділігін бағалау тәртібі мынадай кезеңдерден тұрады:

- қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚТК) ынталандыруды анықтау, мақсатты мағыналарды қою;
- уәждемелі ҚТК бекіту/түзету;
- нәтижелік мониторингі;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Уәждемелік ҚТК Компанияның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге (Жалғыз акционердің болжамын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, Компанияның даму жоспары, Компанияның қолданастағы даму стратегиясы және т.б.) каскадтау арқылы ҚТК картасы түрінде жасалады. Басқарма мүшелеріне арналған ҚТК картасы Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетпен әзірленеді және Компанияның Директорлары кеңесімен бекітіледі.

Басқарма мүшелерін сыйақыландыру

Компания Басқармасы мүшелеріне сыйақыландыру саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Компаниялары басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау саясатына сәйкес әзірленген, «Тау-Кен Самұрық» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақыландыру қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Қағидада Компанияның басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалаудың жәіне сыйақы төлеудің шарттары мен тәртібі белгіленген.

Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеудің негізгі талаптары сыйақы төлеу үшін жоспарланған сома ескеріліп есептелген, белгіленген тәртіппен бекітілген ҚМҚ орындау болып табылады. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы алу құқығына жыл ішінде бекітілген ҚМҚ орындау қорытындылары бойынша кемі есептік кезеңде 5 (бес) ай нақты жұмыс істеген қызметкер ие болады. Басшы қызметкерлерге жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыландырудың шекті мөлшері қызметкер жалақысының (лауазымдық жалақы) 3 еселенген жылдық сомасына аспауға тиісті.

15.5 Тәуекелді басқару

Тәуекелді басқару жүйесі

Компания өзінің қызметін жүзеге асыру барысында, жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге және мақсаттарға, қабылданатын шешімдердің тиімділігіне және тұтастай қызметтің нәтижесіне белгілі бір дәрежеде әсер етерін әртүрлі тәуекелдерге кездеседі.

Осылайша, қаржы-шаруашылық қызметіне және оның беделіне кері әсер етуі мүмкін, тәуекелдерін деңгейін уақытында сәйкестендіру мен төмендету бойынша шешімдер қабылдауға бағытталған, корпоративтік басқару жүйесінің маңызды құрамдасы ретінде, тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын Компания түсінеді.

Компания тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұсыныстарын орындау шеңберінде жүзеге асырылады, оған сәйкес тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу COSO тәуекелдерді басқару жүйесінің (Тредвей Комиссиясы Демеуші ұйымдарының комиссиясы / The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиісті.

Тәуекелдерді басқаруда тиімді жүйенің болуы, Қоғам қызметінің және даму стратегиясының негіздік элементі болып табылады. Дәл және уақытында анықтау, тәуекелді бағалау, мониторинг және ден қою басқарудың барлық деңгейінде тиімді шешімдер қабылдауға және Қоғам қызметінің стратегиялық мақсаттарына және маңызды көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Компанияның ТБКЖ негізгі мақсаты, Жалғыз акционердің және Компаниялар тобының мүддесін қорғау мақсатында пайда табу және шығынды болдырмау үшін мүмкіндікті барынша пайдалану арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу болып табылады. Сондай-ақ Жалғыз акционердің өзіндік капиталына баламалық қайтымдылықты және Компанияны капиталдандыруды ұлғайтуды қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған процесс, басқару процесін маңызды құраушы және корпоративті басқарудағы дамыған жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелді басқару жүйесінің принциптері

Қоғамның тәуекелдерін басқару саясатына сәйкес, тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- тұтастық – қоғам тобының жиынтық элементтерін қарау;
- ашықтық – тәуекелдерін басқару жүйесін автономды немесе оңашалап қарауға тыйым салу;
- құрылымдық – тәуекелдерін басқару жүйесі нақты құрылымының кешенді жүйесі;
- хабардарлық – тәуекелдерді басқару шынайы, әділ және өзекті ақпараттар негізінде сүйемелденеді;
- толассыздық – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- кезеңділік – тәуекелдерді басқару процесі, оның негізгі компоненттерінің тұрақты қайталанатын қатарлық цикл болып келеді.
- тиімділік – тәуекелдерді басқару процесі нәтижелі (мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету) және үнемді (ресурстарды оңтайлы пайдалану) болу керек.

Тәуекелді басқару жүйесінің тәсілдері

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін және белгіленген қағидаттарға сәйкес, Қоғам тәуекелдерді басқарудың мынадай тәсілдерін ұстанады:

- тәуекелдерді азайту және бақылау – тәуекелдерге алдын алатын іс-шараларды қолдану жолымен әсер ету және тәуекелдерді іске асыру жағдайында іс-қимылды жоспарлау, оған ықтимал шығындар деңгейін төмендету мақсатында тәуекелдерді іске асырудың ықтимал дәрежесін азайту жағына өзгерту мен тәуекелдерді іске асыруда туындайтын себептерді немесе зардаптарды азайту және өзгерту кіреді;
- тәуекелдерді ұстап тұру/қабылдау, Қоғамның үшін оның деңгейіне рұқсат етілетінін және оның пайда болуына Қоғам мүмкіндік жасайтынын, сондай-ақ оны барынша азайту бойынша іс-шараларды қолданғаннан кейін қалған тәуекелді қабылдау мүмкіндігін білдіреді;
- тәуекелдерді қаржыландыру - тәуекелдерді табыстау/беру немесе жауапкершіліктер мен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін, әртүрлі тетіктерді пайдалануды (келісімшарттар, сақтандыру келісімдерін жасау, құрылымды айқындау) қоса алғанда, тәуекелді өзге тарапқа ішінара беру;
- тәуекелдерден кету (жалтару)/тәуекелдерден қашу - тәуекелдер туындауының көзі болып табылатын іс-қимылдардың жалғасуына немесе қабылдануына қарсы шешімдер қабылдау.

Қоғамдағы тәуекелді басқару процесі Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Тәуекелді басқару саясаты Қоғам мен оның іншілес ұйымдарындағы тәуекелді басқару процесін жүзеге асыру кезіндегі тәуекелді басқару құрылымын, тәуекелді басқару процесінің негізгі компоненттерін анықтайды, жүйелі және дәйекті тәсілдерді қамтамасыз етеді,

Ішкі бақылау жүйесі туралы ақпарат

Ішкі бақылау жүйесі аясындағы Компанияның қызметі Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Компаниядағы қызметті жүзеге асыру кезінде Ереже ішкі бақылау жүйесінің түсінігін, мақсатын және міндеттерін, оның қызмет істеу принциптерін, ішкі бақылау жүйесінің түйінді салалары мен негізгі компоненттерін, Компаниядағы ішкі бақылау процедурасын және ішкі бақылау жүйесін бағалауды орындау бойынша ішкі бақылау субъектілерінің құзыретін және жауапкершілігін анықтайды.

Ереже Компанияның ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетуін, сондай-ақ Компанияның ЕТҰ ішкі бақылау жүйесінің тиімді мониторингін жүргізуді анықтайды.

15.6 Мүдделер қақтығысын реттеу

Компания Директорлары кеңесінің 2014 жылғы 4 наурыздағы шешімімен бекітілген (№ 2/13 хаттама), мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясаты, мүдделер қақтығысын реттеу саласын қозғайтын мәмілелерді және басқа да қызметтерді орындау кезінде, мүдделер қақтығысын реттеудің жалпы қағидаларын белгілейді және Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейді.

Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз қызметінде Компания мүдделерін жоғары қою талаптарын басшылыққа алады.

Мүдделелік танытылып отырған барлық мәмілелер мыналар болған да қана жүзеге асырылуы мүмкін:

- егер Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделі тұлға болып табылса немесе тиісті шешімді қабылдау үшін дауыс саны болмауына байланысты шешімді қабылдау мүмкін болмаса;

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Компаниялар тобына енетін ұйымдар арасында мәміле жасау қағидасында белгіленген жағдайда Басқарманың оң шешім қабылдауы.

Саясат мүдделер қақтығысының жай-күйін, мүдделер қақтығысын реттеудің процедурасын жасалуына мүдделілік танытылып отырған мәмілелерді жасауға жалпы талаптарды, ықпалдасқан тұлғалар мен басқа да тізімдерді жүргізудің тәртібін белгілейді.

Жасалуына мүдделі болатын компаниялар

Компанияның Сатып алу жоспарына сәйкес, шешімін Компанияның Басқармасы қабылдайтын, «Тау-Кен Самұрық» АҚ компаниялары тобына кіретін, жасалуына мүдделі ұйымдармен 2014 жылы жасалған 14 мәміле мақұлданды.

Аталған мәмілелер тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бағытталған:

№ р/н	Шарттың атауы	Шарттың номері және жасалу мерзімі	Мәміленің тараптары	Мәміленің құны (теңге, ҚҚС қоса алғанда)	Компания Басқармасының мәмілелерін бекіту туралы шешімнің деректері
1	Кеңселік бөлмелерді жалға алу және ғимаратқа қызмет көрсету қызметін сатып алу туралы шарт	№ 2 06.01.2014 ж.	«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	116 977 875,84	№74-13от 30.12.2013ж.
2	Автомобиль паркіндегі орынтұрақтарды жалға алу бойынша қызметті сатып алу туралы шарт	№ 3 06.01.2014 ж.	«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	806 400	№74-13 30.12.2013 ж.
3	Интернетке және телефон байланысы қызметіне қол жеткізуді ұсынатын қызметті сатып алу туралы шарт	№ 4 06.01.2014 ж.	«Қазақтелеком» АҚ	8 249 812	№74-13 30.12.2013 ж.
4	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Электронды сатып алу ақпараттық жүйесі құқығын ұсыну бойынша қызметті көрсету шарты	№ 7 06.01.2014 ж.	«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	616 000	№74-13 30.12.2013 ж.
5	Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірінғай номенклатуралық анықтамасын өзектендіру бойынша қызметті көрсетуге арналған шарт	№ 8 06.01.2014 ж.	«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	56 000	№74-13 30.12.2013 ж.
6	Жергілікті қамту мониторингі картасын техникалық сүйемелдеу қызметті көрсету шарты	№ 9 06.01.2014 ж.	«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	784 000	№74-13 30.12.2013 ж.
7	«Тау-Кен Самұрық» АҚ әкімшілік-басқару персоналын тартылуын зерттеу бойынша шарт	№ 17 20.01.2014 ж.	«Самұрық-Қазына» корпоративті университеті» ЖМ	466 790	№74-13 30.12.2013 ж.
8	Телевизиялық және телекоммуникациялық	№ 19 23.01.2014 ж.	ГЦТ «Астанателеком	18 000	

№ р/н	Шарттың атауы	Шарттың номері және жасалу мерзімі	Мәміленің тараптары	Мәміленің құны (теңге, ҚҚС қоса алғанда)	Компания Басқармасының мәмілелерін бекіту туралы шешімнің деректері
	жабдықтарды жалға алу қызметін сатып алу туралы шарт (телехабар қызметін ұсыну)		» филиал АО «Казакхтелеком»		№74-13 30.12.2013 ж.
9	Полиграфиялық қызметтерді сатып алу туралы шарт	№ 20 23.01.2014 ж.	ЭЛЕКТРОНПО СТ.KZ» ЖШС	3 000 000	№74-13 30.12.2013ж.
10	Жазылу жолымен мерзімдік баспа басылымдарын сатып алу жөніндегі қызметті көрсету туралы шарт	№ 22 24.01.2014 ж.	«Казпочта» АҚ	602447,89	№74-13 30.12.2013 ж.
11	Жедел почта қызметін көрсетуге арналған шарт	№ 23 27.01.2014 ж.	«Қазпочта» - «EMS-Kazpost» АҚ	2 459 520	№74-13 30.12.2013 ж.
12	Конференцияға қатысуға арналған шарт	№ 40 26.03.2014 ж.	«Самұрық- Қазына» корпоративті университеті» ЖМ	196 000	№74-13 30.12.2013 ж.
13	Семинарды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсетуге арналған шарт	№ 47 07.04.2014 ж.	«Самұрық- Қазына» корпоративті университеті» ЖМ	331 652	№74-13 30.12.2013 ж.
14	Спорт залын жалға алу (пайдалану) қызметін сатып алу туралы шарт	№ 52 14.04.2014 ж.	«Қазатомөнеркә сібі -Демеу» ЖШС	1 453 491	№ 55-14 хаттама 26.09.2014 ж.

Сонымен қатар, Қоғамның еншілес ұйымдарымен Қоғам арқылы жасалуында мүдделелік танытқан 6 мәміле жасалды (кесте):

№ р/н	Шарттың атауы	Шарттың номері және жасалу мерзімі	Мәміленің тараптары	Мәміленің құны (теңге, ҚҚС қоса алғанда)	Компания Басқармасының мәмілелерін бекіту туралы шешімнің деректері
1	Өтеулі займ шарты	№ 15 11.03.2014 ж.	«Тау-Кен Алтын» ЖШС	1 500 000 000	11.03.2014 ж. №14-14 хаттама
2	Өтеулі займ шарты	№ 51- 28.07.2014 ж., № 1 қосымша келісім 29.12.2014 ж.	«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ	12 000 000 000	24.07.2014 ж. № 44-14 хаттама, 23.12.2014 ж. № 75-14 хаттама
3	Өтеулі займ шарты	№ 60 05.09.2014 ж.	«Шокпар- Гагаринское» ЖШС	437 293 000	05.09.2014 ж. № 53-14 хаттама

№ р/н	Шарттың атауы	Шарттың номері және жасалу мерзімі	Мәміленің тараптары	Мәміленің құны (теңге, ҚҚС қоса алғанда)	Компания Басқармасының мәмілелерін бекіту туралы шешімнің деректері
4	Авто көлікті сату туралы шарт	№ 65 29.09.2014ж.	«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ	37 925 767	26.09.2014 ж. № 55-14 хаттама
5	Өтеулі займ шарты	№ 64 - 18.09.2014 ж., № 1 қосымша келісім 14.10.2014 ж., № 2 - 19.11.2014 ж. № 3 - 29.12.2014 ж.	«Тау-Кен Алтын» ЖШС	3 350 000 000 10 350 000 000 11 550 000 000	16.09.2014 ж. № 54-14 хаттама, 13.10.2014 ж. № 57-14 хаттама, 18.11.2014 ж. № 66-14 хаттама, 29.12.2014 ж. № 75-14 хаттама
6	Өтеулі займ шарты	№ 71 - 19.11.2014ж.	«Тау-Кен Темір» ЖШС	1 219 400 000	18.11.2014 ж. № 66-14 хаттама

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 29 тамыздағы (№10/14 хаттама) шешімімен аффилиирленген ұйымдармен – Pasar Holdings Incorporated AG, Kazastur Zing AG, «Best Invest» ЖШС, «Center Investment» ЖШС, «Казцинк» ЖШС, «Kazzinc Holdings» ЖШС, «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС, «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС рамалық арбитажды келісім (сотталатындық туралы келісім) жасалуына «Тау-Кен Самұрық» АҚ мүдделілік болатын мәміленің қорытындысы құпталды.

Байланысты тараптардың операцияларына қатысты мәліметтер

Байланысты тараптар ХҚЕС 29 сәйкес – бұл өзінің қаржылық есептілігін құрайтын, кәсіпорынмен байланысты жеке тұлға немесе кәсіпорын.

Компанияның Байланысты тараптарына «Тау-Кен Самұрық» АҚ тобының маңызды басшы қызметкерлері, сондай-ақ елеулі үлесі тікелей немесе жанама ҚР Үкіметіне немесе «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдар.

Байланысты тараптардың операциялары, өзара қарым-қатынастырының сипаты, операциялардың сомасы (көлемі) туралы мәліметтер және т.б. Компанияның 2014 жылғы Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген

Жергілікті (қазақстандық) қамтуды дамыту және сатып алу туралы ақпараттар:

2014 жылы Компанияның сатып алуында жергілікті (қазақстандық) қамтуды дамытудың үлесі мынаны құрады: тауарлар бойынша-22 (жоспар– 16%); қызмет бойынша – 92% (жоспар – 85%); жұмыс бойынша – 94%.

Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесінде сатып алу жүргізудің (өткізілді деп танылған) жиындық үнемі 14% құрады

15.7 Іскерлік этика сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған іскерлік этика мен механизмдер

Компанияда Халықаралық Еңбек Ұйымының, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес әзірленген және барлық қызметкерлер басшылыққа алатын ережелер мен принциптерін жиынтығы болып табылатын Іскерлік этика кодексі бар.

Кодекстің мақсаты іскери Қоғамдағы корпоративтік мәдениетті дамыту және мінез-құлықтың үздік тәжірибесін қолдана отырып, мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылды орнату болып табылады.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері күнделікті өмірде ұшырасып отыратын корпоративтік және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін Жалғыз акционермен, Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен, өзге де мүдделі тұлғалармен және жұртшылықпен толықтай өзара қарым-қатынаста Қоғам осы Кодекстің талаптарын қолданады және ұстанады. Қоғамның тиісті қызметкерлері құзыретіне сәйкес іскерлік этика талаптарының бұзылуымен байланысты мәселелерге ден қою керек:

- жағдайды түзету және кемшіліктерді жоб бойынша шараларды дер кезінде қабылдау;
«ТКС-Қостанай» ЖШС	Түсті металдар кен орындарын барлау	Астана	100%	100%

Топ 2014 жылғы 24 маусымда «Масальский тау-байыту комбинаты» ЖШС жарғылық капиталына 63% қатысу үлесін «Горнобюро» ЖШС сатып алды (4-ескертеме). Топ 2014 жылғы 1 шілдеде «Масальский тау-байыту комбинаты» ЖШС жарғылық капиталына 30% қатысу үлесін «Есіл» ӘКК ұлттық Компаниясы» АҚ қосымша сатып алды, нәтижесінде Топтың қатысу үлесі 93% дейін ұлғайды (4-ескертеме).

Топ 2014 жылғы 11 шілдеде жай бір акция 160.828 мың теңге болатын жалпы сомасы 32.165.669 мың теңге, саны 200 дана жай акцияға қосымша эмиссия жүргізді, оны «Самұрық-Қазына» саны 417.610.000 дана болатын «ШалқияЦинкЛТД» АҚ жай акциясына айырбас ретінде сатып алды (4-ескертеме).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ӘЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландырылған принциптер (жалғасы)***Еншілес ұйымдар*

Еншілес ұйымдар – бұл Топ бақылау жасайтын кәсіпорындар. Бақылау, кәсіпорындардың қаржы және операциялық саясатын тікелей немесе жанама басқаруға Топтың өкілетігі болғанда, осылайша оның қызметінен пайда алғатын болса жүзеге асырылады. Жалпы бақылауға алынған кәсіпорындар арасындағы мәмілелердегі сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар оларды сатып алған сәттен бастап, Топтың сатып алу күні оларға тиесілі болса және осындай бақылауға тыйым салынған күнге дейін бақылауға алынады. Еншілес ұйымдар сатып алған кезде, сатып алу құны, сатып алынған күнгі олардың әділ құны негізінде активтерге және міндеттемелерге таралады. Еншілес ұйымдар қаржы есептілігі, есепке алу алу саясатымен сәйкестендіріле отырып, Топтың қаржы есептілігі сияқты, дәл сол кезеңде дайындалады.

Ішкі мәмілелерден туындайтын мәмілелер және мәміле жөніндегі барлық топшілік сальдо, іске асырылмаған пайданы қоса алғанда, шоғырландырылған қаржы есептілігінен толық алынып тасталды. Осындай ретпен іске асырылмаған пайда сияқты, іске асырылмаған шығын да алып тасталды, олардың құнсыздануы туралы дәлелі жоқ дәрежесі ғана бұған қосылмайды.

Бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Компанияның экономикалық қызметіне бірлескен бақылау орнататын, келісім шарттарға кіріскен бірлескен қызметке қатысушылардың, бірлесіп бақылайтын компания түріндегі бірлескен кәсіпорындарда Топтың қатысу үлесі бар. Топтың қауымдасқан компанияларда, олардың қызметіне елеулі ықпал ететін қатысу үлесі болады. Бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы Топтың инвестициясы іскерлікпен қатысу әдістемесі бойынша есепке алынады.

Бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға іскерлікпен қатысу инвестициялар әдістемесіне сәйкес, Топқа тиесілі, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар таза активі үлесінде сатып алудан кейін туындаған, бастапқы құн плюс өзгерістер, қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте есепке алынады. Бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға қатысты гудвилл, инвестицияның баланстық құнына енгізіледі және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар қызметінің қаржы нәтижесіндегі үлесті көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорындар/қауымдасқан компаниялар капиталында тікелей танылған өзгерістер орын алған болса, онда Топ осындай өзгерістердегі өзінің үлесін мойындайды және егер бұны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолдануға болатын болса, бұл дерек жария етіледі. Бірлескен кәсіпорындар/қауымдасқан компаниялардағы Топ операциялары бойынша туындаған, іске асырылмаған пайда мен шығын, Топтың бірлескен кәсіпорындар/қауымдасқан компанияларға қатысу үлесі мүмкіндігінше шығарып тасталды.

Бірлескен кәсіпорындардың/қауымдасқан компаниялардың табыстағы үлесі, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей берілген. Ол бірлескен кәсіпорындар/қауымдасқан компаниялар қатысушыларына ыңғайлы табыс ретінде ұсылады және сол себепті салық салынғаннан кейінгі кіріс және бірлескен кәсіпорындар/қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарына бақыланбайтын қатысу үлесі ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорындардың/қауымдасқан компаниялардың қаржы есептілігі, Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігі кезеңінде әзірленеді. Қажет болғанда есепке алу саясатын Топтың есепке алу саясатымен сәйкестікке келтіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Қатысу үлесі әдістемесін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға Топтың инвестиция бойынша құнсыздануынан қосымша шығынды тану қажеттігін айқындайды. Әр есепті кезеңге Топ бірлескен кәсіпорындардағы/қауымдасқан компаниялардағы инвестициялардың құнсыздануы нақты деректердің болғанын белгілейді. Осындай дәлелдер болған жағдайда, бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компаниялардағы орналастырылған инвестиция құны мен оның баластық құны арасындағы айырма ретінде құнсыздану сомасын есептеп шығарады және осы соманы бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есепте таниды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ӘЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландырылған принциптер (жалғасы)***Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестиция(жалғасы)*

Бірлескен компанияларға бірлескен бақылауды және қауымдасқан компанияға елеулі ықпалды жоғалған жағдайда, Топ қалған инвестицияны әділ құн бойынша таниды. Бірлескен бақылауды немесе елеулі ықпалды жоғалтқан сәтте инвестицияның баланстық құны және қалған инвестицияның әділ құны мен түсімдер арасындағы айырма кірісте және шығында мойындалады.

Бизнесті біріктіру

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып есепке алынады. Сатып алу құны, сатып алынған күнгі әділ құн бойынша және сатып алған ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесі бойынша бағаланған, табысталған өтем сомасы ретінде бағаланады. Бизнестің әр бірлестігі үшін Топ, сатып алатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алатын ұйымның сәйкестендірілген таза активіне үйлесетін үлес бойынша бағаланады. Сатып алумен байланысты шығындар, жалпы және әкімшілік шығындар құрамына олар орын алған сәтте енгізіледі.

Егер Топ бизнеске ие болса, шарттың ережелеріне, экономикалық жағдайға және сатып алынған күнгі тиісті жағдайларға байланысты, сатып алынған қаржы активтерін және қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді және белгілейді. Осыған сондай-ақ, туынды тетіктердің негізгі шартына кіріктірілген сатып алатын ұйымды бөлу қажеттігі мәніне талдау жатады.

Бизнестің кезең-кезеңмен біріктірілген жағдайында, сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесінің бұрын сатып алушыға тиесілі болған әділ құны, айырмасы кіріс немесе шығын құрамына енгізіле отырып, оның әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алушының табыстауына жататын шарты өтем, сатып алынатын күнгі әділ құн бойынша танылады. Қаржы тетігі болып табылатын және ХҚЕС 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» қолдану саласына жататын, активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі, әділ құн бойынша немесе кіріс немесе шығын құрамында, немесе басқа да бірлескен кірістегі өзгеріс ретінде бағаланады. Егер шартты өтем ХҚЕС 39 қолдану саласына дәл келмесе, ол ХҚЕС-тің өзге қолданысына сәйкес бағаланады. Егер шартты өтем өзіндік капитал ретінде жіктелетін болса, ол соңынан қайта бағаланбайды және оның өтелуі капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвилл басынан, Топ сатып алған, бұрын сатып алушыға тиесілі болған таза сәйкестендіру активінің сомасына қатысу үлесін және ол қабылдаған міндеттемелерді және өтеуге берілген және бақыланбайтын қатысу үлесі сомасынан асып кеткендігін белгілейтін, бастапқы құн бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтің әділ құны Топ ұсынған сомадан асып кететін болса, онда топ барлық сатып алынған активтерді және барлық қабылданған міндеттемелерді, сондай-ақ сатып алынған күні танылуға тиісті соманы бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды белгілеудің дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайта талданғаннан кейін берілген өтем таза сатып алынған активтердің әділ құнынан төмен болса, онда пайда кіріс немесе шығыс құрамында танылады.

Кейін гудвилді, құнсызданудан жинақталған шығын шегеріле отырып, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктірген кезде сатып алынған гудвиллдің, еншілес ұйымдар тобы сатып алған күннен бастап құнсыздану мәніне тексеру мақсатында, ақша ағынының қозғаушысы Топтың әр бөлімшесіне таратылады, бұл жерде еншілес ұйымдардың басқа да активтері мен міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататындығына немесе жатпайтындығына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда табу болжанады.

Егер гудвилл ақша ағынын қозғаушы бөлімшенің бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бөлігі істен шықса, істен шыққан қызметке жататын гудвилл, оның шығып қалуынан болған кірісті немесе шығысты анықтау кезіндегі осы қызметтің баланстық құнына енгізіледі. Бұл жағдайда шығып қалған гудвилл шығып қалған қызмет құнын және ақша ағынын қозғаушы бөлімшенің қалған бөлігінің арақатынасы негізінде бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ӨЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шоғырландырылған принциптер (жалғасы)

Бизнесті жалпы бақылауға біріктіру

Жалпы бақылауда болатын (түпкі акционермен бақыланатын кәсіпорындар) тараптарда еншілес ұйымдардың сатып алуына есеп жүргізу, үлестерді біріктіру әдісімен жүзеге асырылады.

Жалпы бақылауда болатын, еншілес ұйымдар қабылдаған активтермен міндеттемелер, ұсынушы компания (алдыңғы иесі) берген күнгі есептілікте олардың баланастық құны бойынша аталған шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрініс табады. Алдыңғы ие болған ұйымның бастапқы сатып алуы кезінде пайда болған гудвилл, сондай-ақ аталған шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрініс табады. Алдында иелік етушінің гудвилін және төленген қаржы сомасын қоса алғанда, таза активтер жалпы баланстық құны арасындағы айырма, аталған шоғырландырылған қаржы есептілігінде капиталды түзету ретінде есепке алынады.

Аталған шоғырландырылған қаржы есептілігі, егер еншілес ұйым алдыңғы иелік етуші бастапқы сатып алу күнінде Топ сатып алған болып құрастырылады.

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Минералды ресурстарды барлау мен игеру жөніндегі активтер

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар

Жер қойнауын пайдалануға (барлау және өндіру) арналған құқықты сатып алу жөніндегі шығындар, жазылған бонустарға экологиялық және әлеуметтік бағдарламалардың міндетті шығынарына қосылады және кен орындарын барлау және бағалау сатысындағы жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде капиталдандырылады және материалдық емес активтер есебінде жіктеледі.

Кен орындарын пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарының есебі, кен орындары қимасы бойынша жүргізіледі. Әрбір кен орны құнсыздану мәніне жыл сайын қаралады. Егер кен орындары бойынша болашаққа жұмыстар жоспарланбаған болса, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу құқығы шығындарының сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталысымен, жер қойнауын пайдалану құқығы минералдың дәлелденген жалпы қоры сомасы негізінде, нақты өндіру жөніндегі өндірістік тәсіл бойынша амортизацияланады.

Барлау және бағалау жөніндегі шығындар

Барлау және бағалау жөніндегі шығындарға геологиялық және геофизикалық шығыстар кіреді; тікелей бұрғылау жұмыстарына жататын шығындар; аршу жұмыстары; әкімшілік және нақты кен орынына қатысты болатын бағалау жөніндегі басқа да шығындар. Мұндай шығындарға еңбекақы, материалдар және жанар майлар, бұрғылау станоктарының жалдау құны мен мердігерлерге төлемдер кіреді. Егер минералды қорлар табылмаған болса, бұл құнсызданудың дәлелі болуы мүмкін. Барлық капиталдырылған шығындар коммерциялық игеру туралы ниетті немесе табыған кеннен пайда табудың басқа да тәсілдерін растау үшін техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады. Олай болмаған жағдайда, шығындар кезеңдер шығысына есептен шығарылады.

Егер минералды ресурс қорлары дәлелденсе және игеруді жалғастыру туралы шешім қабылданатын болса, онда тиісті шығындар тау-кен активтері құрамына ауыстырылады.

Барлау және өндіру шығындары

Барлау және өндіру шығындарына жер қойнауын пайдалануға арналған құқықты сатып алу бойынша бұрын капиталдандырылған (және игеру басталғанда қайта жіктелген) шығындар және барлау және бағалау; полигондар салу; өндіруге қажетті жер үсті технологиялық құрылыстар жасау шығындары; кен орнын коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында шеккен басқа да шығындар; кенішті сақтау және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтты шығындар кіреді. Барлау және өндіру шығындары негізгі құралдар (тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады және олардың есебі кен орындары қимасы бойынша жүргізіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Минералды ресурстарды барлау мен игеру жөніндегі активтер (жалғасы)**

Тау-кен (негізгі құралдар және материалдық емес активтер құрамындағы) активтерінің тозуы

Тау-кен активтері, кен орындарын коммерциялық өндіру басталысымен, нақты өндіру жөніндегі тозуды есептеудің өндірістік тәсілі пайдаланыла отырып амортизацияланады. Кен орындарын пайдаланудан болған дисконтты шығын қосылатын, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары, дәлелденген қордың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге арналған қалған шығындар, игерілген қордың дәлелденген есебі бойынша амортизацияланады.

Негізгі құралдар (тау-кен активін қоспағанда)

Негізгі құралдар жинақталған амортизация мен құнсызданудан, ол орын алған жағдайда, жиналған шығын шегеріліп, бастапқы құн бойынша есептеледі. Мұндай құнға, ұзақ мерзімдік құрылыс жобалары жағдайында, оларды капиталдандыру критерийлері орындалатын болса, жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және займ шығыны енеді. Белгілі бір аралық уақыт өткеннен кейін негізгі құралдардың маңызды құрамбөлігін ауыстыру қажет болған жағдайда Топ, мұндай компоненттерді пайдалы қызметтің дербес мерзіміне сәйкес жеке актив ретінде таниды және оларды тиісті дәрежеде амортизациялайды. Осындай жолмен, шығынды, онымен байланысты негізгі техникалық тексеруді жүргізген кезде, егер танудың барлық критерийлері орындалатын болса, жабдықтарды ауыстыру сияқты негізгі құралдардың баланстық құнында танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа да шығындар, кірістің немесе шығыстың, олар орын алған жағдайда, құрамындатанылады. Активті пайдаланудан кейін істен шығару жөніндегі болжамды шығындардың келтірілген құны, егер болашақ шығындар құрамында тану критерийі орындалатын болса, ол пайдаланылғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына енгізіледі. Тозу, негізгі құралдардың пайдалы қызметі мерзімі негізінде, тура тәсілмен есептеледі. Кейбір активтің пайдалы қызметі есептік мерзімі былайша ұсынылып отыр:

	Жылы
Ғимараттар мен құрылыстар	20
Компьютерлер	5
Машиналар мен жабдық	3-10
Басқалар	5-10

Активтерді сату немесе істен шығару кезінде олардың құны мен жиналған тозуы есептен шығарылады, ал олардың істен шығып қалуы кезінде туындайтын кез-келген кірісі немесе зияны жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Ағымдық жөндеу және қызмет көрсету сияқты, негізгі құралдарды пайдалануға бергеннен кейінгі орын алған шығындар, әдетте осы шығындар орын алған кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Негізгі құралдарды пайдаланудан (пайдалы қызмет, қуаты мерзімінің ұлғаюы т.б.), оны бастапқы бағалау көрсеткіштерінен күтілген болашақ жоғары экономикалық пайданың ұлғаюына алып келетін шығындар, негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады.

Тарату құны, пайдалы қызмет мерзімі мен негізгі құралдардың тозуын есептеу тәсілі, әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралады және осындай қажеттілік туындаған жағдайда перспективалық түзетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күні, активтің ықтимал құнсыздануы белгілері орын алғанын анықтайды. Егер осындай белгілер орын алған болса, активтің құнсыздануына егер жыл сайынға тексеру талап етілетін болса, Топ активтің өтелген құнын бағалауды жүзеге асырады. Активтің өтелетін құны немесе ақша ағынының қозғаушысы бөлімшелер – бұл мына шамалардың ең үлкені: сату шығыны шегерілгендегі активтің әділ құны және активті пайдалану құндылығы.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық емесе активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Әрбір есептік күнге Топ активтің мүмкін болар құнсыздану белгілері бар екендігін айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активке құнсыздануға жыл сайын тексеру жүргізу талап етілсе, Топ активтің қайтарылатын құнына бағалау жүргізеді. Ақша ағындарын өндіретін активтің немесе бөлімшенің қайтарылатын құны (ПГДП) – бұл мына шамалардан ең үлкен: сатуға арналған шығындарды шегере отырып, активтің әділ құны (ПГДП) және активті пайдаланудан құндылығы (ПГДП). Қайтарылатын құн негізінен актив басқа активтер немесе актив топтары өндіретін ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын өндіретін жағдайды қоспағанда, жекелеген активтер үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағынын өндіретін бөлімшенің баланстық құны оның қайтарылатын құнынан асып түссе, актив құнсызданды деп саналады және қайтарылатын құнға дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан құндылықты бағалау кезінде болашақ ақшалай ағындар салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, ол уақытша ақша құнына ағымдық нарықтық бағалау мен активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналатын баға котировкаларымен немесе басқа да әділ құнның қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Осындай активтердің құнсыздануы бұрын танылған қайта бағалау сомасы шегінде басқа да жиынтық табыста мойындалды.

Әрбір есептік күнге Топ активтің құнсыздануынан бұрын танылған залалдар енді болмайтын немесе қысқарған белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгі бар болса, Топ активтің немесе ПГДП-нің қайтарылатын құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын танылған залалдар тек, егер де залалды құнсызданудан соңғы мойындау кезінен активтің қайтарылатын құнын айқындау үшін пайдаланылатын бағалаудағы өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның қайтарылатын құнынан аспайтындай, сондай-ақ сол бойынша осы актив егер де бұрнағы жылдары құнсызданудан болатын залал мойындалмаған жағдайда мойындалса, амортизацияны шегергендегі теңгерімдік құннан аса алмайтындай шектелген. Мұндай қалпына келтіру актив қайта бағаланған құн бойынша танылғандағы жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залаларда мойындалады. Қалпына келтірудің осындай жағдайларында құнсыздану жөніндегі резерв жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржылық активтер*Бастапқа тану және бағалау*

ХҚЕС39 әрекеті әсерінде тұрған қаржы активтері, кіріс немесе шығыс; займ және дебиторлық берешектер; өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда болатын қаржы активтері; тиімді хеджирлену кезінде хеджирлеу тетігі ретінде белгіленген туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын тиісті қаржы активтері ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржы активтерін оларды бастапқа тану кезінде жіктейді.

Қаржы активтері, бастапқыда кіріс немесе шығыс арқылы, мәміле бойынша онымен байланысты шығындарға байланысты әділ құн бойынша танылады.

Белгілі бір нарықта («стандартты жағдайдағы» сауда) қабылданған заңнамада немесе қағидада белгілеген мерзімде активті жеткізуді талап ететін, қаржы активтерін сатып алу немесе сату жөніндегі барлық мәмілелер, мәміле жасалған күні, яғни, топ активті сатып алу немесе сату міндеттемелерін өзіне қабылдаған күні танылады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен олардың баламасы, қысқа мерзімдік салымдар және дебиторлық берешектер енеді.

Кейінгі бағалау

Қаржы активін кейінгі бағалау оларды жіктелумен былайша байланысты болады:

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы активі» санатына кіріс немесе шығыс арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланған санатта танылған кезде жатқызылған сауда және қаржы активтері үшін арналған қаржы активтері енеді. Қаржы активтері, егер олар таяу уақытта сату мақсатында сатып алынған болса жіктеледі. Аталған санатқа, ХҚЕС 39-да белгіленгендей, хеджирлеу операциясындағы хеджирлеу тетіктері ретінде белгіленбеген, шарт бойынша тарап болып табылатын Топтағы туынды құралдар кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері, әділ құн бойынша қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте есепке алынады, ал әділ құнның таза өзгерістері қаржы шығындары (әділ құнның теріс таза өзгерістері) құрамында немесе бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есептің қаржы кірісі шығындары (әділ құнның оң таза өзгерістері) құрамында есепке алынады. Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша қайта бағалану ретінде бастапқы тану кезіндегі қаржы активтері, бастапқы тану күнінде және ХҚЕС 39 критерийлері ерекше сақталған кезде осы санатқа жатқызылады. Пайда немесе зиян арқылы әділ баға бойынша оны қайта бағалау ретінде анықталған қаржы активтері Топта жоқ болып отыр.

Туынды құралдардан аса ерекшелентін саудаға арналған қаржы активін Топ, оларды таяу болашақта сату ниетінің бар екендігі туралы қолайлы жорамал мәніне талдайды. Егер Топ оларға арналған белсенді нарықтың жоқтығына және оларды таяу болашақта сатуға қатысты басшылықтың ниеті өзгереді болса, Топ аталған активтерді қайта жіктеу туралы шешімдер қабылдауы мүмкін. Займдар мен дебиторлық берешек, сатуға арналған қолда бар құралдар немесе өтелгенге дейін ұстап тұратын қаржы құралдары санатындағы осындай активтерді қайта жіктеу, активтің сипатына байланысты болады. Жүргізілген талдаулар, пайда немесе шығын арқылы әділ баға бойынша қайта бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтеріне әсер етпейтін болса, Топтың әділ құн бойынша есепке алу мүмкіндігін пайдаланатындығына байланысты, бұл құралдар бастапқы танудан кейін қайта жіктелмеуі мүмкін.

Топта, пайда немесе зиян арқылы әділ баға бойынша қайта бағаланатын ретінде оның бастапқы тануы кезінде айқындалған, қаржы активтері жоқ.

Негізгі шартқа кіріктірілген туынды тетіктер, жеке туынды құралдар ретінде есепке алынады және егер оларға тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шақрттың тәуекелдеріне және сипаттамаларына тығыз байланысты болмаса және осы негізгі шарттар сауда үшін арналмаса және пайда немесе шығын арқылы әділ баға бойынша қайта бағалану ретінде жіктелмесе, әділ баға бойынша көрсетіледі. Осындай кіріктірілген туынды тетіктер, әділ баға бойынша бағаланады және олардың әділ бағасының өзгерістері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Есепке алу тәртібін қайта қарау, ең болмаған жағдайда ақша ағынының елеулі өзгерістеріне алып келетін шарт ережелері өзгерілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Займдар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта бақыланбайтын, төлемдер бойынша белгіленетін және айқындалатын туынды емес қаржы активі болып табылады. Осындай қаржы активі бастапқы танылғаннан кейін, құнсызданудан шығынды шегергеріп, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып айқындалатын, амортизациялық құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған баға, сатып алу кезіндегі дисконттар немесе сыйақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын, комиссиялық немесе шығындар ескеріле отырып есептеледі. Тиімді пайыздық ставканың амортизациясы, бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржы кірісі құрамына қосылады. Құнсызданумен түсіндірілетін шығындар, қаржы шығындары құрамындағы бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Төлеммен және белгіленген мерзіммен тіркелген өтемдердің туынды емес қаржы активтері, Топ оны өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға мейлінше ниетті және қабілетті болғанда, өтелгенге дейін ұсталатын инвестиция ретінде жіктеледі. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестиция бастапқы бағаланғаннан кейін, құнсыздану шығын шегеріліп, тиімді пайызды мөлшерлеме әдісін пайдалану бойынша айқындалатын, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн, сатып алу кезіндегі дисконт немесе сыйақы, сондай-ақ тиімді пайыздық ставканың ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындар ескеріліп есептеледі. Топтың 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде, өтелгенге дейін ұсталған инвестициялар болған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Сату үшін қолда болған қаржы инвестициясына үлестік және борыштық құнды қағаздар кіреді. Сату үшін қолда болған жіктелген үлестік инвестиция – бұл, сауда үшін арналған ретінде жіктелмейтін де, пайда мен шығын арқылы әділ баға бойынша қайта бағаланбайтын да құнды қағаздар болып табылады. Осы санаттағы борыштық құнды қағаздар – бұл, Топ белгілі бір мерзім ішінде ұстап тұруға ниеттенетін және өтімділікті қамтамасыз ету үшін немесе нарықтық ахуалдың өзгерістеріне жауап ретінде ұстап тұруға ниеттенетін құнды қағаздар болып табылады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициясы бастапқы бағаланғаннан кейін, әділ құн бойынша бағаланады; ал олар бойынша іске асырылмаған пайда немесе зиян, сату үшін қолда бар тетіктерді қайта бағалау бойынша резерв құрамында оның бірлескен кіріс ретінде танылады; жинақталған кіріс пен зиян инвестициясын тануды тоқтатқан сәтке дейін, кіріс немесе зиян құрамында сатуға арналған қолда бар тетіктерден қайта жіктеледі және қаржы шығысы ретінде танылады.

Топ сатуға арналған өзінің қолында бар қаржы тетіктерін оларды таяу болашақта сатуға мүмкіндігі мен ниеті бары туралы әділ жорамалы мәніне бағалайды. Егер Топ аталған активтерді, олар үшін белсенді нарықтың болмауына байланысты және таяу болашақта басшылықтың ниеті өзгеруіне қатысты, сатуды жүзеге асыру жағдайында болмаса, Топ сирек жағдайда осындай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешім шығаруы мүмкін.

Займдар мен дебиторлық берешекті санатқа қайта жіктеу, қаржы активі егер займдар мен дебиторлық берешек анықтауын қанағаттандыратын болса және осы ретте аталған активтерді болашақта және өтелгенге дейін Топтың ұстап тұру мүмкіндігі мен ниеті болған жағдайда шешіледі. Өтелгенге дейін тетіктер құрамына қайта жіктеуге, өтелгенге дейін Топтың қаржы активтерін ұстап тұру мүмкіндігі мен ниеті болған жағдайда ғана рұқсат беріледі. Топ 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде сату үшін қолында бар қаржы активтерін сатып алған жоқ.

*Тануды тоқтату**Мойындауды тоқтату*

Қаржылық активтің (немесе қайда қолданылатындай – қаржылық активтің бөлігі немесе осыған ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) баланста мойындалуы тоқтатылады, егер де:

- активтен ақшалай ағындарды алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе;
- Топ активтен ақшалай ағындарды алуға өз құқысын берсе немесе үшінші тарапқа алынатын ақшалай ағындарын толық көлемде «транзиттік келісім» бойынша айтулы кідіріссіз төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алса; және немесе (а) Топ іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды берсе, яки (б) Топ бермесе, бірақ та іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне сақтап қалса, алайда осы активке бақылауын тапсырса.

Егер де Топ активтен ақшалай ағындарды алуға өз құқықтарын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол өзінің меншік құқығымен байланысты тәуекелдері мен пайдаларына сақтағандығын, сақтаса қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер де Топ бермесе, бірақ та іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне сақтап қалса, сондай-ақ активке бақылауын тапсырмаса, жаңа актив Топ тапсырылған активтегі өз қатысын жалғастыратын дәрежеде мойындалады.

Мұндай жағдайда Топ иісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтары мен міндеттемелерін көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдеме нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардан ең төмен бойынша мойындалады: активтің бастапқы баланстық құны немесе Топтан төлеу талап етілетін барынша жоғары сома.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері(жалғасы)***Ақша қаражаты және олардың баламасы*

Ақша қаражаты және олардың баламасы, банк шоттарында және кассадаға ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын қысқа мерзімді банк салымы болып табылады. Қысқа мерзімді банк салымына бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) ай болатын, бірақ бір жылдан аспайтын салым енеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есептік күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының шынайы құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан соң болған бір немесе одан көп оқиғалар нәтижесіндегі құнсызданудың шынайы айғағы болған кезде ғана («залал тарту жағдайының» болуы) құнсызданды деп саналады, олар қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілген алдағы ақшалай ағындарға сенімді бағалауға жататын әсерін көрсетеді. Құнсыздану айғақтары өздеріне борышкердің немесе борышкерлер тобының айтулы қаржылық қиындықтарды бастан кешіргеніне, өз берешегін қызметтей аламайтындығына немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді бұрыс жүзеге асырғанына, сондай-ақ олар банкроттық өзге тектес қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізу ықтималдығына нұсқауларды кіргізеді. Бұдан басқа, мұндай айғақтарға қаржылық құрал бойынша күтілетін алдағы ақшалай ағындарды бағалауға жататын төмендетудің болуын көрсететін байқау деректері, атап айтқанда, борыштарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартулармен бірге белгілі бір өзара байланыстағы кешіктірілген берешек көлемдерінің немесе экономикалық талаптардың өзгерісі ретіндегілер жатқызылады. Бұрын танылған шығындарды құнсызданудан түзетпе жасау, құн төмендегеннен кейін орын алған оқиғаларға байланысты әділ болуы мүмкін құнсызданудан шығын азайтылғанда ғана есепке алынады. Мұндай түзетпе жасау, бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есептегі кірісте есепке алынады.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге қатысты Топ алдымен жеке-дара елеулі қаржылық активтердің шынайы құнсыздану айғақтарының болуына немесе жеке-дара елеулі болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша жиынтықтай бағалау жүргізеді. Егер де Топ жеке-дара қаржылық активтердің оның елеулілігіне тәуелсіз жеке-дара бағаланатын қаржылық активтің шынайы құнсыздану айғақтары жоқтығын анықтаса, ол осы активті несиелік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамаларымен бірге қаржылық активтер тобына кіргізеді, содан соң осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану тақырыбына қарастырады. Құнсыздану мәніне бөлек бағаланатын, солар бойынша құнсызданудан залалдың мойындалатын немесе мойындалуы жалғастырылатын активтер құнсыздану тақырыбына арналған жиынтық бағалауға кіргізілмейді.

Құнсызданудан залал кешудің шынайы айғағы бар кезінде залал сомасы активтің теңгерімдік құны мен алдағы күтілетін ақшалай ағындардың келтірілген құны арасындағы айырма ретінде бағаланады (әлі тартпаған алдағы күтілген несиелік залалдар ескерілмей). Есеп айырысатын алдағы ақшалай ағындардың келтірілген құны қаржылық актив жөніндегі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттеледі. Егер де займ бойынша пайыздық мөлшеремесі айнымалы болып табылса, құнсызданудан залалды бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені көрсетеді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал залал сомасы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Төмендетілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті есептеу құнсызданудан болатын залалды бағалау мақсатында болашақтағы ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме негізделе отырып жалғастырылады. Пайыздық мөлшерлемелер жиынтық кіріс туралы есептемедегі қаржыландырудан кірістер құрамында көрсетіледі. Егер болашақта қайтарылмайтын болса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету Топқа сатылса немесе тапсырылса, Займдар тиісті резервтермен бірге баланстан есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болатын есептік залалдың сомасы құнсыздану мойындалғаннан кейін болған қандай да болмасын оқиға түрінде көбейеді немесе азайады, құнсызданудан бұрын мойындалған залал сомасы резерв шотына түзету енгізу арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер қаржылық құралдың құнын бұның алдындағы есептен шығару нәтижесінде қалпына келтіріледі, қалпына келтіру сомасы жиынтықты кіріс туралы есептемеде қаржыландыру шығындарының кему ретінде мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері(жалғасы)***Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)*

Сатуға арналған қолда бар қаржылық инвестицияға қатысты, Топ әрбір есепті күні инвестициялардың немесе инвестицияның құнсыздануға ұшырағанына нақты дәлелдің бар екендігін бағалайды.

Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдағы инвестициялар жағдайында, шынайы дәлелдерге инвестициялардың әділ құны оның бастапқы құны деңгейінен елеулі немесе жалғасқан төмендеуі енгізілетін болады. «Елеулілік» инвестицияның бастапқы құнымен салыстырылып, ал «жалғасқан», әділ баға бастапқы құнынан аз болуы ішіндегі кезеңмен салыстырылып бағаланады.

Сатып алу құны мен ағымдағы әділ баға арасындағы, аталған инвестициялар бойынша құнсызданудың жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есебінде бұрын танылған шығыны шығарылып, бағаланған жиынтық шығын сомасының құнсызданған дәлелдері бар кезде, басқа да жиынтық кіріс алып тасталады және кіріс пен шығыста танылады. Үлес құралдарындағы инвестициялар бойынша бағалау шығындары кіріс емесе шығыс арқылы қалпына келтірілмейді; олардың әділ құнының ұлғаюы құнсызданудан кейін тікелей басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады.

Сатуға арналған қолда бар жіктелген қарыз құралдары жағдайында құнсыздану, амортизациялық баға бойынша есеп алынатын, қаржы активіне қатысты қолданылатын критерийлер негізінде бағаланады. Алайда, құнсыздану шығынында көрсетілген, бұрын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылған аталған инвестициялар бойынша құнсыздану шығыны шығарылып, амортизациялық құн мен ағымдағы әділ баға құны арасындағы айырма ретінде бағаланған сома, жинақталған шығын болып табылады.

Азайтылған баланстық құнға қатысты есептелген пайыздар, құнсыздану шығынын бағалау мақсатында болашақ ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылатын пайздық ставка бойынша жалғасады. Пайыздық кірістер, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржы кірісі құрамында көрніс табад. Егер келесі жыл ішінде ұзақ мерзімдік құралдың әділ құны өсетін болса, және аталған өсімді құнсыздан шығынын танығаннан кейін орын алған оқиғамен әділ байланыстыруға болады, құнсыздану шығыны шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы тану және бағалау*

ХБЕС 39 қызмет саласына кіретін қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе залал, кредиттер мен қарыздану немесе тиімді хеджирлеу кезіндегі хеджирлеу құралдары ретінде анықталған туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде сыныпталады. Топ өз қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде сыныптайды.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда займдар мен кредиттерді, солармен тікелей байланысқан мәміле бойынша шығындарды шегергенде, әділ құн бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешекті кіргізеді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былайша жіктеуге байланысты:

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын, бастапқы тану кезінде белгіленген қаржылық міндеттемелер кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Қаржылық міндеттемелер, егер олар таяу болашақта сату мақсатында сатып алынған болса, саудаға арналған ретінде жіктеледі. Бұл санат, олар ХҚЕС 39-да белгіленгендей, хеджирлеу операциясына хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған шарт бойынша Топ тарабы болып табылатын туынды қаржы тетіктеріне енгізіледі. Бөлінген кіріктіріме туынды құралдар да, олар тиімді хеджирлеу құралы ретінде анықталатын жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған ретінде жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кіріс пен шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ баға бойынша қайта баланатын ретінде бастапқы тану кезінде белгіленген қаржылық міндеттемелер, бастапқы тану күнінде және ХҚЕС 39 критерийлерін сақтау кезіндегі ерекшелік бойынша осы санатқа жатады. Топтың, пайда немесе шығын арқылы әділ баға бойынша қайта бағалау ретінде белгіленген қаржылық міндеттері жоқ.

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен займдар тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданылып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Осындай қаржы міндеттемелері бойынша пайда немесе шығын құрамында олардың тоқтатылуын тану кезінде, сондай-ақ тиімді пайыздық ставка пайдаланылып, акмортизацияның есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконт немесе сыйақы, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссия немесе шығындар есепке алына отырып есептеледі. Амортизацияланған тиімді пайыздық ставка жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржы шығындары құрамына қосылады.

Тануды тоқтату

Қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттемелерді тану, егер міндеттемелер өтелсе, күшін жойса немесе оның қолдану мерзімі аяқталса тоқтатылады. Егер қолда бар қаржы міндеттемелері сол кредитордың алдында елеулі айырмасы болатын жағдайда басқа міндеттемелермен ауыстырылса немесе егер қолда бар міндеттемелер шарттары айтарлықтай өзгеріске ұшыраса, мұндай ауыстырулар мен өзгерістер бастапқы міндеттемелерді тоқтату және жана міндеттемелерді танудың басталуы ретінде есепке алынады, ал олардың баланстық құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы тетіктерінің өзара есеп айырысуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер, ал нетто-сома - сол сәтте жүзеге асырылатын танылған сомамен өзара есеп айырысуға арналған заңды құқық бар болса және нетто-негізде есеп жүргізуге, активтерді іске асыру және сонымен бірге осы бойынша міндеттемелерді өтеуге ниеті бар болса өзара есеп айырысуға.

Қаржы тетіктерінің әділ құны

Әрбір есепті күні белсенді нарықта жүзеге асырылатын саудадағы қаржы құралдарының әділ құны, мәмілелер жөніндегі шығындар шегерілмей, нарықтық баға белгілеу немесе дилерлер баға белгілеуі (ұзақ бағдар үшін сатып алу котировкасы және қысқа бағдар үшін сатып алу котировкасы) негізінде анықталады.

Белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын сауданың қаржы құралдары үшін әділ құн, бағалаудың тиісті әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяуда коммерциялық негізде жүргізілген мәмілелер бағасын пайдалану; ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; диконтталған ақша ағынын талдау немесе бағалаудың өзге де моделі енгізілуі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар, өткізудің өзіндік құнының немесе таза құнының ең төменгі мәні бойынша есепке алынады. Тауар-материалдық запасты есептен шығару орташа безбенделген құн методы бойынша айқындалады.

Аяқталмаған өндіріс, өнімді сатушыға жөнелту, сату үшін рынокке жеткізу, дайын өнімді қоймаға жөнелту үшін қажет болатын, өндірістің толық технологиялық циклынан өтпеген, ішінара дайын өнімдер, сондай-ақ сатушы қабылдамаған өнімдер жиыны; көмекші өндіріс заказының қалдығы; аяқталмаған жұмыстар т.б., болып табылады.

Резервтер

Резервтер, егер өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелері (құқықтық немесе осыдан туындайтын тәжірибе) болса Топпен танылады; осы міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың жылыстауы мүмкін болып табылады және осындай міндеттемелердің нақта бағалану сомасы алынуы мүмкін. Егер топ сақтандыру шарты бойынша, мысалы, резервтің кейбір бөлігінің немесе түгел өтелуін болжаса, өтеу жеке актив ретінде, бірақ өтелуі күмән тудармаған жағдайда ғана танылады. Резервке жататын шығындар, өтелуі шегеріліп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрніс табады.

Кіріс пен шығысты тану

Егер Топтың экономикалық табысы табуы ықтимал ретінде бағаланатын болса кірісі бағаланады және егер кіріс төлемді жүзеге асыру уақытына байланысты болмай нақты бағалануы мүмкін. Кірістер, шарттағы белгілі бір төлем ережелері ескеріліп және салық немесе баж шегеріле отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақы құны әділ құн бойынша бағаланады. Топ, мақсатты айқындау үшін, ол принципал немесе агент ретінде талап ететінін анықтау мақсатында, белгілі бір критерийлерге сәйкес, табыс табуды көздейтін, ол жасайтын шарттарды саралайды.

Сыйақы кірісі

Тиімді пайыздық ставканы пайдаланып, пайызды есептеу кезінде, яғни, қаржы активінің таза баланстық құнына дейін қаржы құралы айналымының жалғасуы күтілетін кезең ішінде болашақ ақша қаражатының болжанған түсімі дисконтталатын, тиімді пайыздық ставка әдісі пайдаланыла отырып танылады. Пайыздық кіріс жиынтық пайда туралы шоғырландырылған есептегі қаржы кірісі мөлшерлеме құрамына енгізіледі.

Шығындар

Шығындар ақша қаражаты немесе олардың баламасы төленгеніне қарамастан, тиісті тауарларды немесе қызметті нақты алған сәтінде есепке алынады және оған қатысты шоғырландырылған қаржы есептемесінде көрсетіледі.

Табыс салығы

Ағымдағы жыл ішінде ағымдағы табыс салығы жөніндегі салық активтері мен міндеттемелер, салық органдары тарапынан өтелуге немесе салық органына төлеуге болжанған сома бойынша бағаланады. Аталған соманы есептеу үшін пайдаланылған салық мөлшерлемесі мен салық заңнамасы, қолданылған немесе Қазақстан Республикасында есепті күні іс жүзінде заңдастырылған мөлшерлеме және салық болып табылады .

Тікелей капиталда танылған бапқа жататын ағымдағы табыс салығы, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Топ басшылығы, қатысы бойынша тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларациясында көрсетілген ұстаным бағасын мерзімдік жүзеге асырады және қажеттілігіне қарай резервті құрайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Мерзімі ұзартылған салық**

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептің мақсаттары үшін активтердің салықтық базасы мен міндеттер және олардың теңгерімдік құны арасындағы есептік күніне уақытылы айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттер барлық салық салынатын уақытылы айырмашылықтар бойынша мойындалады, мына жағдайлардан басқа:

- мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіруге болмайтын келісім барысында гудвилл, актив немесе міндеттемені алғашқы мойындау нәтижесінде орын алады, және операцияны жүзеге асыру мерзімінде не бухгалтерлік пайда, не салық салынатын пайда немесе шығынға әсерін тигізбейді; және
- Еншілес компанияларға инвестицияларымен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға байланысты қауымдастандырылған компаниялар, сонымен қатар бірлесіп әрекет жасауға қатысу үлестерімен, егер Топтың уақытша айырмашылықтарды кеміту уақытында реттеуді бақылауға мүмкіндігі және уақытша айырмашылығы жақын арада кемімейді деген айтарлықтай мүмкіндігі болса.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер алынатын уақытша айырмашылықтар, пайдаланбаған салық жеңілдіктер және пайдаланылмаған салық шығындары қарсы есептеле тін салық салынатын пайда болатын айтарлықтай мүмкіндігі бар дәрежеде барлық алынатын уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктер және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша, мынадай жағдайлардан басқа, мойындалады:

- алынатын уақытша айырмашылыққа жататын мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша актив бизнесті біріктіру нәтижесінде емес, пайда болған және операцияны жүзеге асыру мерзімінде не бухгалтерлік пайдаға, не салық салынатын пайда немесе шығынға әсерін тигізбейтін активті немесе міндеттемені алғашқы мойындау нәтижесінде пайда болады; және
- Еншілес компанияларға инвестицияларымен байланысты алынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты қауымдастырылған компаниялар, сонымен қатар, біріккен әрекетінде қатысу үлестері бар мерзімі ұзартылған салық активтері уақытша айырмашылықтар жақын арада пайдаланылатын айтарлықтай мүмкіндігі бар және уақытша айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылатын салық салынатын пайда орын алатын дәрежеде мойындалады.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтердің теңгерімдік құны әр есептік күнде қарастырылады және мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу дәрежесінде төмендетіледі дегені мүмкін емес ретінде бағаланады. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша мойындалмаған активтер әр есептік күнде қайта қарастырылады және болашақ салық салынатын пайда мерзімі ұзартылған салық бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік беретін айтарлықтай жағдай пайда болады дәрежесінде мойындалады.

